



Әлеуметтің әлеуеті әлсіремеуі тиіс



2-бет

Шағын кеме – зор жауапкершілік



3-бет

Ұлттық өнерді ұлықтады



8-бет

• ЕРТЕҢ – КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Салқар сапардың сайыпқырандары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі» деген сөзі баршамыздың еңбек адамына деген көзқарасымызды жаңалады десек, жаңсақ айтпағандаймыз.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Kazakhstan»

Көген басы

Кез келген күні дүние жүзіндегі миллиондаған адам атаулысы автобус, пойыз және ұшаққа мініп сапар шегеді, яки, жүгін жеткізу үшін көлікке иек артады. Көлік қызметкерлері күні елімізде кәсіби мереке болғанымен, қоғамдық көлік қызметкерінен бастап, жүк көлігінің жүргізушісіне, әуежай қызметкеріне әрі одан тыс жерлерге дейін көлік қызметкерлерінің көріне бермейтін бейнеті мен зейнетін осындай атаулы күнде ой елегінен өткізіп жатамыз. Сабақтайық.

Өмір – бір серуен, адамдар – керуен дейтін болсақ, ол керуеннің тасымал қызметіне лайықты етіп, әуел баста жылқыны қолға үйретіп, дөңгелек ойлап тауып, онан соң ұшақты әуеде қалықтатқан адам ақылының харекеті тегелейлі тарих арнасын өркеніет өрісіне бағыттағаны аян. Күн сәулесімен жарысқан біздің ғасырға таман көлік секторы бұрын пенде елестігі көрмеген тәсілдермен түбегейлі өзгерді. Электр автобустары, автоматтандырылған жеткізу дрондары және жүрдек пойыздар күнделікті ғұмырымыздың шындығына айналып сала берді.

Сандық әдіспен қанша әдіптелсе де, теңдессіз технология да әлі де адамның бақылауын қажет етеді. Көлік қызметкерлері жаңа технологияларға бейімделіп, осы инновацияларды басқарудың ажырамас бөлігіне айналды. Көлік қызметкерлері туралы бір ауық ойланғанымызда,



Коллекция жасаған Арайлым Қостанова

біз автобус жүргізушілерін немесе пойыз кондукторларын көз алдымызға көлден келтіріміз ғақ. Бірақ, бұл бағыт әлдеқайда күрделі. Аз-кем тоқталып көрейік. Автобус жүргізушілері және пойыз операторлары қоғамдық көліктің негізгі ретінде қызмет етеді. Жолаушыға межелі жерге қауіпсіз және тиімді жетуге көмектеседі. Иә, жүк көлігінің жүргізушілері азықтүліктен электроникаға дейінгі тауарлардың дүкендерге, үйлерге және әл-

дебір кәсіпорындарға келуін қамтамасыз етеді. Көбінеки қатал жағдайларда ұзақ қашықтықты жүріп өтеді. Авиакомпания ұшқыштары және әуе диспетчерлері күн сайын мыңдаған рейстерді үйлестіру арқылы қауіпсіз әуе жолын қамтамасыз етеді. Қоймалар мен жеткізу тізбектеріндегі логистикалық үйлестірушілер жеткізілімдердің уақытылы келуін қамтамасыз ете отырып, оқиғалардың сахна артында қозғалуын қамтамасыз етеді.

Дана қазақ «Жол азабы – көр азабы», «Шөлмен жүрсен де, жолмен жүр», «Бір күндік жол жүрсен, үш күндік азық ал» деп тегіне түспалдамаса керек-ті. Салқар сапардың сайыпқырандары күнбе-күн, жылма-жыл тосын түйткілдерге тап болып жатады. Ұзақ ауысым, қолайсыз ауа райы, болжанбас көліктің кілт қозғалысы сынды жайсыз жайттар олардың күнделікті кездесетін кедергілердің бірнешеуі ғана. Ал, жүк көлігінің жүргізушілері үшін жол-

дағы шақырымдар мен отбасынан алыс уақыт қымбатқа түсуі бек мүмкін. Қоғамдық көлік қызметкерлері үшін сыртатқа шалдығу қаупі, соның ішінде, COVID-19 пандемиясы кезінде сарсаң мен стресс, белгісіздік деңгейін күрт арттырды. Не дегенімізбен, қияндағы қиындықтарға қарамастан, көлік қызметкерлері қызметін қалтқысыз атқаруды жалғастыру үстінде.

► 3-бет

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Жаңа серпін, жаңа белес

Аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуы – тек ірі өндіріс орындарының ғана емес, сонымен қатар, облыс орталығымен іргелес жатқан аудандардағы атқарылып жатқан игі бастамалармен де көрініс табады. Жұырда ұйымдастырылған баспасөз туры аясында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Бұқар жырау ауданы көлемінде жүзеге асып жатқан ірі жобалармен, жаңа өндірістік нысандармен, әлеуметтік саладағы жетістіктермен және инфрақұрылымның жаңаруымен танысып қайтты. Баспасөз туры бағдарламасы аудан экономикасының түрлі қырын қамтыды: сүт өнімдерін өңдеу, жартылай фабрикалар өндірісі, индустриялық аймақтағы зауыттардың қызметі, ауыл инфрақұрылымын жақсарту және әлеуметтік нысандардың құрылысын қамтыған мазмұнды шара болды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Kazakhstan»



► 4-бет

• РЕСМИ

Техникалық үзіліс жарияланды

2 тамызда кейбір мемлекеттік электронды сервистердің жұмысы шектеледі.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» компаниясының баспасөз қызметінің өкілдерінің мәліметінше, бұл жоспарлы техникалық жұмыстардың жүргізілуіне байланысты.

«Техникалық жұмыстар 2025 жылғы 2 тамыз сағат 02:00-ден сағат 06:00-ге дейін жүргізіледі. Бұл уақыт аралығы пайдаланушылардың белсенділігі ең төмен кез екені ескеріле отырып таңдалды, бұл қолайсыздықтарды барынша азайтуға мүмкіндік береді», – делінген хабарламада.

Осы кезеңде электрондық үкімет шлюзі арқылы интеграцияланған екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларындағы және басқа жүйелердегі мемлекеттік қызмет көрсету сервистері, «Цифрлық құжаттар» сервісін қоса алғанда eGov.kz порталы мен eGov Mobile мобильді қосымшасы, e-Otinish, E-license порталдары және Ашық үкімет жүйелері, Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы мен өзге де жобалардың жұмысы уақытша шектеледі.

Өз тілшімізден

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жастарға жұмыс бар

Теміртау қаласында «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында өткен бос жұмыс орындары жәрменкесінде 30 адам тұрақты жұмысқа жолдама алды. Жалпы іс-шараға 150-ге жуық жұмыс іздеуші қатысты.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жәрменкеге өңірдегі түрлі салада жұмыс істейтін 25 кәсіпорын қатысып, 250-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Ал Enbek.kz электрондық еңбек биржасының мәліметінше, бүгінде Теміртау қаласы бойынша 900-ге жуық бос жұмыс орны тіркелген.

Жәрменке қалалық Жастар ресурстық орталығының базасында өтті. Ұйымдастырушылар – Қарағанды облысы бойынша Еңбек мобильділігі орталығы мен Теміртау қаласының Мансап орталығы.

Жәрменке барысында жұмыс іздеушілер жұмыс берушілермен тікелей кездесіп, сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай ашық формат жұмыс табу үдерісін едәуір жеделдетеді. Сонымен қатар, қатысушылар еңбекпен қамту бағдарламала-

ры мен азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары туралы кеңірек ақпарат алды.

Жәрменке қорытындысы бойынша 30 адамға жұмысқа жолдама берілді. Олардың қатарында пробация қызметінде есепте тұрған азаматтар да бар.

Бұған қоса, бос жұмыс орындарының тағы бір жәрменкесі Балқаш қаласына қарасты Тораңғалық ауылында ұйымдастырылды. Оны Балқаш қалалық Мансап орталығы өткізді. Қатысушыларға өзекті бос жұмыс орындары ұсынылып, 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасының негізгі бағыттары түсіндірілді. Жәрменке нәтижесінде үш азамат тұрақты жұмысқа жолдама алды.

Сурет облыс әкімдігі сайтынан

КӘСІПКЕРЛІК

Тауар өндірушіге жаңа талап

2026 жылдың 1 қаңтарынан кәсіпкерлерге СТ-KZ және индустриялық сертификаттар қажет болмайды. Енді отандық тауардың шығу тегін растау үшін сертификат алудың қажеті жоқ. Барлығы автоматтандырылған жүйе арқылы жүзеге асады. Осы орайда облыс кәсіпкерлеріне қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізудің жаңа ережелері таныстырылды.



Сурет ашық дереккөзден

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлерге арналған оқу форматындағы іс-шаралар сериясындағы ақпараттық кездесу Индустрия және құрылыс министрлігінің қолдауымен «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ бастамасымен өткізілді.

Жаңа ережелерге сәйкес, тізілімге енген кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізе алады. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімі – бұл еліміздің электронды үкімет жүйесінің бір тармағы. Онда отандық кәсіпорындар мен олардың шығаратын өнімдері туралы толық ақпарат жинақталған. Тізілімге енген компаниялар автоматтандырылған тексеруден кемінде тоқсанына бір рет өтіп отырады.

2025 жылдың соңына дейін СТ-KZ және индустриялық сертификаттар беру жалғасады. Осы кезеңде берілген барлық құжаттар 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін жарамды.

Әлеуметтің әлеуеті әлсіремеуі тиіс

Облыста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту бағытында ауқымды әрі кешенді жұмыстар жүргізілуде. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы нәтижелер – атқарылған істердің нақты көрсеткіші. Облыс тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын арттыру, азаматтардың еңбекпен қамтылуы мен әлжуаз топтарды қолдау бағытында ілкімді істер аз емес. Оның бәрі әлеуметтің әлеуеті әлсіремеуі үшін жасалып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыссыздық деңгейі төмендеді

Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша, аймақта жұмыссыздық деңгейі 4,2%-дан 4,0%-ға дейін төмендеген. Бұл республикалық көрсеткіштен төмен екенін көрсетеді.

– Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында арнайы әзірленген Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында 48 мың адамды жұмыспен қамту көзделген. Оның ішінде, жобалар шеңберінде – 3,6 мың адам, бос жұмыс орындарына – 22 мың адам, жеке бастамалар бойынша – 14 мың адам, жастар тәжірибесі және басқа мемлекеттік бағдарламалармен – 8 мың адам және кәсіпкерлік бастамалар арқылы – бес жүзге жуық адам жұмыспен қамтылмақ, – деп атап өтті облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар.

Ағымдағы кезеңде 22,6 мың адам жұмысқа орналасыпты. Жаңа жұмыс орындарының саны – 3 мыңнан асты. Жастар тәжірибесіне 7 мыңнан астам жас тартылған.

Ешкім де елеусіз қалмайды

Жыл басынан бері мүмкіндігі шектеулі 857 азамат жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, соңғы 3 жылда жұмыс берушілер есебінен 39 арнайы жұмыс орны жабдықталған.

Облыста «Теп Қоғам» әлеуметтік бейімдеу орталықтары Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалаларында және Абай ауданында жұмыс істейді. Бұл орталықтарда мүгедектігі бар азаматтарға, жұмысқа орналау, әлеуметтік бейімделу, психологиялық және заң көмегі, мемлекеттік қызметтерді рәсімдеу және «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы қызметтер алу бойынша кеңес беріліп,



Коллажы жасаған Айбек Тұхметов

қолдау көрсетіледі.

Сонымен қатар, инвтаксизм қызметі 12 өңірде 149 автокөлікпен қызмет көрсетіп жатыр. Оның ішінде, 15-і арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Биыл бұл қызметпен 2 218 мүгедектігі бар адам қамтылды.

2025 жылдан бастап, облыста зейнет жасындағы азаматтарға арналған «Алтын жас» жобасы іске қосылды. Бұл бағдарлама арқылы 530 адам жұмысқа тартылды. Мемлекет олар үшін жаңа қызығушылықтарды қолдайды.

Ал кәсіптік білім мен жастарды қолдау мен қысқа мерзімді курстар мен онлайн оқыту жұмысы да белсенді.

Басқарма басшысының айтуынша, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру мақсатында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту ұйымдастырылып, оған 487 адам жіберілді. Оның 62-сі жұмыс орнында білім алуда.

– Skills Enbek платформасы арқылы 2 565 адам онлайн оқытудан өтті (жоспардың 97%-ы). «JUMYS TAP» жобасы аясында 3 колледжде оқыған 150 адам (әлеуметтік осал топтардан) сертифи-

400 мамандық бойынша 12 бағытта күнделікті жаңартылатын аналитикалық деректер ұсынады.

Қолдау бар да, қорғау бар

«Бастау Бизнес» жобасы аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту жүргізілуде.

Бүгінде дейін 91 грант берілді. Тамыз айында тағы 134 грант беріледі деп жоспарланып отыр.

Бірінші шілдедегі жағдай бойынша АӘК алушылар саны 3 482 адамды құраған. Бұл – 2024 жылдың сәуірінен бері салыстырғанда 1 769 адамға аз. Бұл өзгеріс отбасылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруы және белсенді жұмыспен қамту шараларының нәтижесі ретінде бағаланады.

Бұдан бөлек, облыста жеті отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Олар азаматтарға заңдық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетеді. Цифрлық технологиялар арқылы «FSM Social» мобильді қосымшасы іске қосылып, 756 кеңес, 131 іс тіркелген.

Мобильді топтардың құрамында 1 420 маман (әлеуметтік қорғау, ішкі істер, денсаулық сақтау, білім

беру салаларынан) жұмыс істеуде.

Бүгінде облыста жеті ҰОС ардагері тұрады. Олар Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 5 млн теңге көлемінде біржолғы көмек алды. Сонымен қатар, 2 613 тыл еңбек-

керіне – 100 мың, Чернобыль апаты қатысушыларына – 200 мың, Ауған соғысы ардагерлеріне – 200 мың теңгеден және Таулы-Қарабах, Тәжік-Ауған шекарасы, Ирактағы бейбітшілік миссиялары қатысушыларына да қаржылай қолдау көрсетілді.

Одан бөлек, санаторлық-курорттық емделуге 63 ардагерге жолдама берілді. Әр жолдаманың құны – 305 мың теңге.

Қазір облыста 10 стационарлық орталық, 2 оңалту орталығы, 2 күндізгі бөлімше жұмыс істейді. Жыл соңына дейін Аутизм спектрі бұзылған балаларға арналған 125 төсек-орындық орталық және Теміртаудағы 70 орындық Балалар оңалту орталығы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ал 33 мекеме әлеуметтік қызмет көрсетуге лицензия алды, олардың қатарында мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар бар.

Көші-қон саласында да бірқатар жұмыс атқарылды. Жыл басынан бері 128 адам қандас мәртебесін алып, 176 рұқсат шетелдік жұмыс күшін тартуға берілді. Сонымен қатар, 4 украин азаматы босқын мәртебесін алды.

РЕСМИ

Құқық бұзуға жол берілмейді

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті өз құзыреті шеңберінде бюджет қаражатын пайдалану, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың, бухгалтерлік есептің сақталуы және өзге де мәселелер бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және жолын кесу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілері бар фактілер анықталған жағдайда материалдар уәкілетті органдарға жіберіледі немесе департамент Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды.

Көбінесе келесі баптар қолданылады:

- 207-бап (Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу);
- 238-бап (Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнаманы бұзу);
- 462-бап (Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарын бұзу).

Әкімшілік ықпал ету шаралары тек заңды тұлғаларға ғана емес, сонымен қатар, өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамаған лауазымды адамдарға да қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында департамент келесі шараларды ұсынып отыр:

- ведомстволық бағынысты ұйымдарда ішкі бақылау жұмысын күшейту;
- жауапты мамандарды жүйелі түрде оқыту және нұсқама жүргізу;
- барлық сатып алу рәсімдерін тиісті деңгейде жоспарлау және құқықтық сараптамадан өткізу;
- қаржылық тәртіпті бақылау бойынша ішкі регламенттерді енгізу.

Сонымен қатар, алдын алу жұмыстарына – заңнамадағы жаңа нормаларды уақытылы түсін-

діруге, ұйымдарға қолданыстағы өкілеттіктер аясында кеңес беруге ерекше назар аудару қажет.

Әкімшілік құқық бұзушылықтарды уақытылы талдау бюджет қаражатын басқару жүйесіндегі осал тұстарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар олардың алдын алу тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті заңдылық, ашықтық және мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану қағидаттарын қамтамасыз ету бойынша жұмысын жалғастыратын болады.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша камералдық бақылау қорытындылары

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2025 жылдың I жартыжылы ішінде қаралуға жатқан жалпы сомасы 668,6 млрд теңгені құрайтын 17 352 мемлекеттік сатып алу лоттарының 647,5 млрд теңге құрайтын 17 057 лоттары қаралды.

1 697 лот бойынша (9,9%) сомасы 68,2 млрд теңге құрайтын бұзушылықтар анықталып, 1 599

лотқа (сомасы 57,2 млрд теңге) хабарлама жолданды. Оның ішінде, 163 хабарламаға сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізе отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын кері қайтарып алу, 292 хабарлама бойынша конкурс құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) өзгерістер енгізу, 1 103 хабарламаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт жа-

салғанға дейін мемлекеттік сатып алудың күшін жою, 41 хабарлама бойынша қорытынды хаттамасын хабарламаға сәйкес келтіру.

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 462-бабының 3-бөлігінде көзделген хабарламаларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін лауазымды тұлғаларға

13 хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласында заң бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 207-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы 10 хаттама толтырылды.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Аспан әлеміндегі арман

Жансая Ғаниқызы – Air Astana әуе компаниясының тәжірибелі әрі кәсіби бортсерігі. Жастайынан максаткерлігімен ерекшеленетін ол – жан-жақты дамуға талпынып, үнемі өзін шыңдап жүрген қайсар ару. Әу баста бортсерік болуды армандамағанымен, таңғажайып тағдыр оны осы жолға жетеледі. Ең қызығы, шетел көріп, түрлі мәдениеттермен танысуға деген ерекше құштарлығы оны әуе кеністігіне жетелеген. Қазіргі таңда Жансая өз ісінің шебері ғана емес, көптеген жастарға шабыт сыйлайтын тұлғаға айналды.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Бортсерік хикаяты» 2017 жылы бастау алды. Күтпеген бір сәттіліктің арқасында Жансаяның түйіндемесі елдегі беделді әуе компаниясының басшылығының назарына ілігеді. Осылайша қарапайым құжат кәсіби үш тілде жүргізілген күрделі сұхбатқа ұласады. Қағал іріктеудің төрт кезеңінен сүрінбей өткен ол бойындағы сабыр, икемділік пен зияткерліктің арқасында ерекше болмысты бортсерік атанды. Содан бері Жансая үшін аспан әлемі тек жұмыс орны ғана емес, арманға апарар жолдың бірегей көрінісіне айналды.

– Бортсерік – сырт көзге сымбатты, келбетті маман болып көрінгенімен, шын мәнінде бұл кәсіпке қойылар талап өте жоғары, – дейді Жансая. – Ең алдымен, денсаулық ғарышкердікіндей мықты болуы қажет. Кемінде үш тілді еркін меңгеру – басты шарттардың бірі. Ал, бой ұзындығы 165 пен 175 сантиметрдің аралығында

болуы міндетті. Қызметке қабылданар тұста үш айлық арнайы оқу мен тағылымдамадан өттік. Сол кезеңде бізге ұшақтың ішкі-сыртқы құрылымынан бастап, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттерге дейін үйретілді. Бұл қызметтегі басты миссиямыз – жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Аспан төріндегі әрбір сапар – үлкен жауапкершілікпен өлшенеді, – деді шын көңілмен бортсерік қыз.

Спикердің айтуынша, әуедегі өмір – тәртіп пен үйлесімділіктің тұтас жүйесі. Ұшақ бортындағы әр қызметкердің рөлі – тек кәсіби міндет емес, үлкен жауапкершілікке құрылған миссия. Тек бір-бірін толықтырып, бірегей мақсатқа жұмыла жұмыс істеген ұжым ғана жолаушылардың амандығын қамтамасыз ете алады. Бортсерік – «сегіз қырлы, бір сырлы» болуға тиіс. Бұл кәсіп тек келбетпен өлшенбейді. Аспандағы әрбір сәт – шешімді дұрыс

қабылдай білу мен адамдармен тиімді қарым-қатынас орната алуға байланысты. Қайткенмен де, халықпен жұмыс істеу – аса күрделі іс. Рейстегі өмір риясыздық пен шынайылықты талап етеді. Мұнда жасандылық пен бейжайлыққа орын жоқ.

Жансая – нағыз заманауи тұлға. Қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілін еркін меңгерген, жан-жақты білімді маман. Оның еншісінде – PhD докторы ғылыми дәрежесі. Осындай биік жетістіктерге жетсе де, өзін мақтанмен емес, іспен танытуды жөн санайды. Әңгіме барысында да қарапайымдылығын жоғалтпай, салмақты қалпынан айнымайды. Бортсеріктің еңбекақысы көпшілік ойлағандай дәстүрлі айлық жүйемен емес, ұшу сағаттарының көлеміне қарай есептеледі. Мәселен, бір айда бортсерік орта есеппен 80-90 сағатын әуеде өткізеді. Соған сәйкес, еңбекақысы да соған сай белгіленеді. Еңбектің қарқыны жоғары болғанымен, айына 7-8 күндік демалыс қарастырылған. Бұл – тынымсыз еңбектің орнын толтырардай аз уақыт болса да, дем мен тыныс алуға мүмкіндік беретін маңызды кезең.

– Бала күнгі арманым – ақзер әлемді көру еді. Сол мақсатыма жеттім. Жиһанның жеті бұрышында болдым, ұшқан күстай еркін самғадым. Осы жұмыс маған сол арманның есігін айқара ашты. Әр рейс – жаңа оқиға, жаңа таныстық. Әр сапарда әртүрлі бортсерікпен бірлесіп еңбек етеміз, әр жолаушы – өзіндік мінез, тағдыр, мәдениет. Сондықтан да, күн сайынғы тіршілігіміз – сан қырлы, тосын әрі қызықты. Жұмыстың өзіне тән ауырталықтары жоқ емес. Уақытпен санаспай еңбек ету, биіктегі жауапкершілік, алуан түрлі мінез-құлықпен бетпе-бет келу оңай шаруа емес. Бірақ, бәрі де сол – жолаушылардың амандығы мен жайлы сапары үшін, – деп түйіндейді Жансая.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• АКЦИЯ

Шағын кеме – зор жауапкершілік

Облыс аумағындағы су айдындарында адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрі судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында ауқымды профилактикалық шаралар жүзеге асырылу үстінде. Осы бағытта Самарқанд, Федоров, Шерубай-Нұра су қоймаларында және Балқаш көлінде су көлігін қауіпсіз пайдалану бойынша кең көлемді рейттік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Рейд барысында мамандар су көлігін басқарушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, жеке қорғаныс құралдарын қолдану қажеттілігіне ерекше назар аударды. Сонымен қатар, заң бұзушылықтар анықталып, тиісті ескерту мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мұндай алдын алу шаралары азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, су айдындарында тәртіпті сақтау мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді. Алдағы уақытта бағдарлы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатын болады.

Акция аясында шағын көлемді кемелерді басқарушылармен мазмұнды кездесулер ұйымдастырылып, су көлігін және кеме тұрақтарын пайдалану тәртібі жан-жақты түсіндірілді. Іс-шара барысында 100-ден астам адаммен тікелей түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, олардың қауіпсіздік талаптарын сақтау деңгейіне назар аударылды. «Назар аударыңыз! Шағын көлемді флот!» атты жыл сайынғы алдын алу науқаны шеңберінде тұрғындар жиі шоғырланатын су айдындарында кешенді рейлтер өткізілді. Рейд кезінде кеме жүргізушілерінің рұқсат құжаттарының болуы, сондай-ақ, қажетті құтқару құралдарымен жарақтандырылуы мұқият тексерілді.

Жалпы саны 83 шағын көлемді кеме тексеріліп, олардың 40-тан астамында қолданыстағы заңнама мен қауіпсіздік талаптарының бұзылғаны анықталды. Тек-



серу нәтижесінде 68 әкімшілік құқықбұзушылық бойынша іс қозғалды. Бұған қоса, жалпы ұзындығы 273,4 шақырымды құрайтын су көлігі жолдары мен 10 өзен кемесіне қатысты жоспарлы бақылау және тексеру шаралары жүргізілді. Бұл жұмыстар су көлігін пайдалану тәртібін сақтау деңгейін бағалауға және ықтимал қауіптердің алдын алуға бағытталған.

Суда демалушы жандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы ақпараттық жадынамалар әзірленіп, шоғыл орындарына орналастыру үшін облыстың қала және аудан әкімдіктеріне жолданды. Бұл ақпараттық материалдар азаматтардың қауіпсіздік деңгейін арттырып, су айдындарында тәртіп сақтау шараларын күшейтуге мүмкіндік берді.

Атаулы жұмыс жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті мекемелердің ерекше бақылауында болып, жүйелі және үздіксіз түрде жалғасатын болады. Алдағы уақытта да су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз

етуге бағытталған алдын алу және бақылау шаралары тұрақты түрде жүргізіледі.

Әлбетте, су айдыны – жөнекей демалыс орны ғана емес, жауапкершілік алаңы. Әр кеме жүргізушісі, тіпті, әр шомылушы адам қауіпсіздік ережесін есте тұтса, бір сәттік салғырттықтың соны қайғыға ұласпайды. Ал, қауіпсіздік – ортақ іс. Тәртіп – тіршіліктің тірегі. Сондықтан да, судағы тыныштық пен тәртіп – тек рейттің емес, әрбірміздің саналы қадамымыздан басталады. Кеменің суда сенімді жүзсін десеңіз, заң талаптарын құрметтенің. Судағы бейбіт өмірдің кепілі – өзіңіздің сергектігіңіз екенін ұмытпаңыз.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Салқар сапардың сайыпқырандары

(Соңы. Басы 1-бетте).

Өзгеріс өзегінде

Бүгінгімізге көз жүгіртсек, көлік қызметкерлерінің ендігі болашағы жаңа технологиялардың пайда болуымен қалыптасатынын көреміз. Автономды көліктер, электромобильдер және жасанды интеллектпен жұмыс істейтін логистикалық жүйелер жағдайды түбегейлі өзгерту үстінде. Бірақ, технология дамыған сайын да, саналы адамның қадағалауы қауіпсіздік, шешім қабылдау және тұтынушыларға қызмет көрсету үшін маңызды болып қала береді. Бір жұпыны мысал, өзін-өзі қаншалық басқара аларлық дәреметі бар жүк көлігі жакын арада жүгін жолсыз тасымалдауы кәдік болса да, жүргізуші қауымы әлі де күрделі бағыт атаулысын немесе күтпеген жағдайды жеңіп, еңсеру алуы қажет. Сол сияқты, әуе қозғалысын басқару жүйелері де автоматтандырылғанымен, диспетчер күтпеген төтенше жағдайды басқару ісінде әлі де маңызды рөл атқарады.

Осы тұрғыда тұрақты келешектің кілті – бейімделу үдерісі болмақ. Көлік қызметкерлері осы жаңа технологиялармен қатар дамуды жалғастырмағы алдымен өзі үшін ләзім. Ал, бұл қосымша дайындықты, жетілдірілген құралдарды және лауазымдық міндеттерді өзгертуді қажет етеді. Сондықтан, технологияға ғана емес, оның артындағы жұмыс күшіне де инвестиция салу маңызды.

Иә, атаулы күнде осы жандардың ақзер әлемімізді ұдайы қозғалыста ұстаудағы жанкешті қарекетін ғана емес, жұмыс уақытының ұзақтығын, таңынның атысын, түнінің бір уағын және олардың күнделікті кездесетін қиындықтарын мың бір парасын түсінеміз. Не десек те, бір күндік ризашылықтан басқа, сіз бен біз күнбе-күн көркем мәміле жолымен ілтипат көрсетуіміз келешегімізді кемел ете тасардей.



Осындайда ел Президентінің «Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал», – деген нақыл сөзі еске оралады.

Тоғыз жолдың торабындағы тұғыр

Облыс тоғыз жолдың торабында тұрғандықтан көлік-логистикалық әлеуетін жылдан-жылға нығайтып, асқақ абыройға бастап келеді. Азды-көпті мысалдардың көгенін ағытар болсақ, Sary-Arka халықаралық әуежайында былтырдан бері мульти-модель CargoHUB жобасын жүзеге асыру басталды. Біркыдыру қарманыстың арқасында жүк өңдеу жылына 15 000-нан 200 000 тоннаға дейін өседі деп болжанады. Түп нәтижесінде 2030 жылға қарай 2 000 жаңа жұмыс орнын құру және салық түсімдерін ұлғайту қарастырылмақ. Бүгінде халықаралық бағыттар аясында Эквадор, Нидерланд, Бельгия, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен коммерциялық жүк рейстері табысты жұмыс істеп келеді. «Қытай-Еуропа» бағытындағы техникалық кону саны да мейлінше ұлғайтылады.

– Біз аспанда ұшатын ұшақтарды ғана емес, жердегі сандаған тапсырмаларды да қаз-қатар үйлестіріп отырамыз. Әр рейс – ондаған адамның тағдыры, мыңдаған шақырым жол. Қазір жүк рейстері артты. Халықаралық бағытасы нығайып келеді. Кейде тун ауғанша жұмыс істейміз, бірақ, әр ұшқан ұшақ пен аман жеткен жүк – еңбегіміздің жемісі, – деп пікір қосты әуе қозғалысын үйлестіру диспетчері Айдана Серікқызы.

Жолдың жон арқасындағы жайттарға зер салған болсақ, 4 700 шақырымдай жаңа автожол, оның ішінде, «Қарағанды-Жезқазған» сынды маңызғы терең 572 шақырымдық жол салынып жатыр. Облыста 1 032 шақырым жол жөнделген. «Қарағанды-Балқаш», «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы жолдары қайта салу мен қайта құрылымдаудан өту кезеңінде. Мұнымен дерек пен дәйектің суаты тарылмайды. «Теміртау-Қарағанды» және «Солтүстік-Шығыс» айналма жолдары енгізіліп, өңірлік орталықты транзит жүктемеден азайтуға септігін тигізуде. Облыстағы жергілікті жолдардың шамамен 700 шақырымға дейін жөндеуден өту қажеттігі бар.

Теміржол инфрақұрылымындағы игіліктерді шолғанымызда

Қарағандыда 31 жолаушылар теміржол станциясы жұмыс істейтіндігін, «Қарағанды-Жезқазған» маршруты елдімекендерге апта сайынғы тұрақты жолаушылар қатынасын қалпына келтіргендігін, 50 000-нан астам адам тасымаланғандығына көз жеткіздік. Ендігіде осы жылы 225 жаңа жүк вагонын сатып алу, «Достық-Мойын» және Алматы айналма желісі сияқты жобаларды аяқтау жеделенген. Осы арқылы пойыздардың күнделікті жұп жүрісі 5 есеге артады.

Қарағанды қазіргі уақытта логистикалық инфрақұрылымды белсенді модернизациялау үстінде. Жаңа қоймалық кешендер, теміржол және әуе хабтары, жаңартылған жол торабы. Бұл өңірді Қазақстан мен Еуропа арасындағы транзиттік маңызды бағдарға айналдырып, экономикалық өсуді қамтамасыз етпек.

Тәртіп пен технология

Қарағанды қаласы – еліміздегі өндіріс пен ғылымның ірі орталығы ғана емес, сонымен қатар, заманауи технологияларды игеру жолында алдыңғы қатарда келе жатқан шаһар. Соңғы жылдары қала көшелеріндегі көлік қозғалысының артуына байланысты билік

өкілдері мен кәнігі мамандарды тың шешімдер іздеуге итермеледі. Солардың бірі – интеллектуалды көлік жүйелерін (ITS – Intelligent Transportation Systems) енгізу. Жүйе – жол қозғалысын басқарудың заманауи әдісі, онда цифрлық технологиялар, датчиктер, бейнебақылау құрылғылары мен жасанды интеллект біріктіріле отырып, көлік ағынын оңтайландыруға бағытталған. Қарапайым тілмен айтқанда, ITS – қаланың «ақылды жол сақшысы».

Интеллектуалды жүйелердің ең басты артықшылығы – жол-көлік оқиғаларын азайтуға мүмкіндік беруі. Бейнебақылау камералары мен жылдамдықты бақылайтын құрылғылар арқылы ереже бұзушыларды автоматты түрде анықтап, жедел әрекет етуге болады. Сонымен қатар, жол-көлік жағдайын талдап, қауіпті аймақтарды алдын ала анықтап, тиісті шаралар қабылданады. Қарағандыда таңғы және кешкі уақытта кейбір көшелерде көлік тығыздығының артатыны белгілі. ITS сынды ақылды технологиялар маңызды мәселені шешуде тиімді құрал болмақ. Жол қиылыстарындағы бөлінушілік ағынына қарай автоматты түрде реттеліп, жүргізушілерге ең ыңғайлы бағыт ұсынылады. Мұндай жүйе тек уақытты үнемдеп қана қоймай, жанармай шығынын да азайтады.

Кептелістердің азаюы – ауаның ластану деңгейін төмендету деген сөз. Интеллектуалды жүйелер экологиялық тұрғыдан да тиімді. Автокөліктердің артық тұруы мен қозғалыстағы уақытын азайту арқылы зиянды газдардың бөлінуі қысқарады. Ақылды тұрақ жүйелері арқылы жүргізушілер бос орындарды онлайн режимде көріп, уақыт үнемдей алады. Сонымен қатар, қоғамдық көліктің қозғалысы да жүйеге енгізіліп, жолаушылар нақты уақыттағы кестені бақылап, өз бағытын тиімді жоспарлай алады. Интеллектуалды көлік жүйелерін енгізу – тек

техникалық жаңалық емес, ол – қаланың болашағына салынған инвестиция. Қарағанды осындай жаңашыл бастамалар арқылы тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып, еліміздің басқа өңірлеріне үлгі бола алады. Интеллектуалды көлік жүйелері Қарағандының қауіпсіз, ыңғайлы әрі экологиялық таза қалаға айналдыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр. Бүгінгі технология – ертеңгі тыныш әрі жайлы өмір кепілі. Әлбетте, бұл келер күннің еншісіндегі нығмет.

– Қарағандыда көлік қозғалысын реттеуде интеллектуалды жүйелердің енгізілуі – өте орынды әрі уақыт талабына сай шешім деп санаймын. Өзім күн сайын жұмысқа барып-келгенде көшелердегі көлік ағынының қаншалықты өзгергенін байқап жүрмін. Бағдаршамдардың көлік көлеміне қарай реттелеуі, жүргізушілерге нақты бағытты ұсыну сияқты мүмкіндіктер расымен де жолдағы стресті азайтады. Бұрын таңғы уақытта ұзақ тұрып қалатын едім, қазір көп жағдайда қозғалыс біршама жеңіл. Сонымен қатар, ақылды тұрақтар мен қоғамдық көлік кестесінің онлайн режимде көрсетілуі – заманауи қалаға тән ыңғайлылық. Ең бастысы, мұндай тиімді шешімдер экологияны жақсартуға ықпал ететіні куанталады. Қарағандының дамып жатқанына қуаныштымын. Технологияны дұрыс пайдалансақ, болашағымыз жарқын болары сөзсіз! – деп ой тұжырады қала тұрғыны, IT маманы Филип Нұртаев.

Осы орайда көлік саласының қажырлы қызметкерлері мен қадірлі ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаймыз! Сіздердің табанды еңбектеріңіз бен ел игілігі жолындағы өлшеусіз үлестеріңіз әрқашан жоғары бағаланады. Еселі еңбектеріңізге толағай табыс, көшелі істеріңізге сәттілік пен береке тілейміз!

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жаңа серпін, жаңа белес

(Соңы. Басы 1-бетте).

Құс фабрикасының қуаты

Аудан дамуының нақты мысалы – 2009 жылы құрылған «Үштібе құс» ЖШС құс фабрикасы. Кәсіпорын бүгінгі таңда жылына 150-160 миллион дана жұмыртқа өндіреді. Бұл – айына шамамен 13-14 миллион дана өнімді құрайды.

Құс саны – 577,8 мың, оның ішінде, мекен тауықтар – 538,7 мың. Фабрика өнімдерін көпшілік «Курочка Ряба» сауда маркасы арқылы жақсы біледі. Қазірдің өзінде өнім Қарағанды облысының нарығын толық қамтамасыз етіп отыр. Одан әрі Астана қаласына, әрі қарай Шығыс Қазақстан облысына жөнелтіледі.

Құс фабрикасында 230 адам тұрақты жұмыс істейді. Еңбек ұжымы негізінен көрші елдімекендер – Құрма, Жұмабек, Доскей ауылдарының тұрғындары. Жұмыскерлер кәсіпорын арнайы ұйымдастырған 3 автобуспен тасымалданады. Кәсіпорынның басшысы – Валерия Семенова. Ол – өз саласының маманы, тәжірибелі зоотехник.

– Құс шаруашылығында 1998 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Қазіргі таңда фабрикада барлық жүйе толық автоматтандырылған. Жұмыс үдерісі заманауи технологияларға негізделген, – деді ол.

Жұмыртқа ішкі нарықпен қатар, Тәжікстан, Ауғанстан және Қырғызстанға экспортталады. Ал, әлеуметтік әріптестік аясында «Аян», «Оптима», «Корзина» секілді супермаркеттерге бірінші санаттағы жұмыртқалар әлеуметтік норма бойынша белгіленген төмендетілген бағамен жеткізіледі. Бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының тұрақтылығына оң әсер етуде.

Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау тетіктері де өз нәтижесін беруде: 2022 жылы кәсіпорынға 411 млн теңге көлемінде субсидия берілген. Бұл қаржы өндірісті жетілдіруге, жанғыртуға және жұмыс орындарын сақтап қалуға мүмкіндік туғызған.

Дәм мен дәстүр үндескен

Өндірістің өрісі кеңіп, өңірдегі азық-түлік қауіпсіздігіне үлес қосқан ірі кәсіпорындардың бірі – «Қарағанды нан» компаниясы. 1996 жылы іргетасы қаланған бұл кәсіпорын алғашында тек нан өнімдерін өндірумен шектелген болатын. 2010 жылдан бастап, нарық талабына бейімделіп, жартылай фабрикаттар өндірісін қолға алды. Бүгінде компанияда 220 адам еңбек етеді. Осылайша, отандық тағам өндірісіндегі өз орны бар әлеуетті кәсіпорынға айналды.

Компания басшысы Павел Альсов өндіріс үдерісіне жаңашылдық енгізіп, технологиялық жетілдіруге басымдық беріп келеді. Ең бастысы, тұтынушы сенімі. Сол себепті де, кәсіпорын шошқа өнімдерін пайдаланудан толық бас тартып, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Халал» сертификатын алу бағытында нақты жұмыстар атқаруда.

Кәсіпорынның қулинарлық цехы бүгінде айына 120 тоннаға жуық өнім өндіреді. Бұл – тұшпара, манты, тартылған ет өнімдері секілді күнделікті сұранысқа ие тағам түрлері. Өнімдерінің сапасына жауапкершілікпен қарап, «Ақнар» құс фабрикасынан алынған етті пайдаланады. Бұл – таза әрі сертифицикатталған шикізатпен жұмыс істеудің тағы бір дәлелі.

Жартылай фабрикаттар нарығында бәсекелестік жоғары екені белгілі. Алайда, «Қарағанды нан» компаниясы сапа мен тұтынушыға деген адал ниет арқылы өз орнын сақтап келеді. Бүгінде өнімдер Павлодар, Жезқазған, Көкшетау қалаларына жөнелтіліп, өңіраралық нарықта да сұранысқа ие.

Компанияның әлеуметтік көмек саясаты да құптарлық. Жыл сайын жұмысшы-қызметкерлердің балаларына арнап, күзгі мектеп маусымында оқу құралдарын алып беріп, әлеуметтік қолдауды дәстүрге айналдырған.

Инновация һәм инженерлік шеберлік тоғысқан тұс

Ат басын бұрған келесі маңызды нысандардың бірі – резеңке-металл өнімдерін өндіретін «Polymet Solutions Corporation» ЖШС болды. Бұл – Орталық Азия кеңістігінде теңдесі жоқ, тау-кен металлургия кешеніне арналған футеровка өндірісімен айналысатын бірегей жоба.

Футеровка – қарапайым тілмен айтқанда, шарлы диірмендердің ішкі қабырғаларын тоздан қорғайтын резеңке-металл. Ол тек қорғаныс қызметін ғана атқарып қоймай, диірменнің өнімділігін арттырып, жұмыс тиімділігін оңтайландырады. Металл мен резеңке элементтердің үйлесімі – соққыны сіңіріп, тозуға қарсы тұруды ұзартады. Нәтижесінде, жабдықтың қызмет ету мерзімі ұзарып, ұнтақтау сапасы артады, дыбыс пен дүріл деңгейі айтарлықтай төмендейді.

Жобалық қуаты жылына 413,7 тоннаға дейін жететін кәсіпорын өнімдері қазіргі таңда тау-кен байыту саласынан бастап, химия, цемент өнеркәсібіне дейін кеңінен қолданылады. Резеңке-металл



ларда пайдаланылатын дәл әрі тұрақты жабдықтар өндіретін әлемдік бренд.

«Polymet Solutions Corporation» бұл жүйені қолдану арқылы Қарағандыны технологиялық өндіріс картасына батыл енгізіп отыр. Озық технология мен инженерлік білімнің синтезі бұл өндірісті тек жергілікті емес, халықаралық деңгейге де шығаруға жол ашуда.

Компания бас директоры Қуандық Қазанғапов алдағы жоспарларға тоқталып өтті.

– Біз үшін өнімнің беріктігі мен ұзақ мерзім кәдеге жарауы – басты міндет. Жаңа технологиялар арқылы диірмендердің қуат тұтынуын азайтып, тиімділігін арттырып келеміз. Қазір шойын өнімдерін қатар шығару мақсатында арнайы экономикалық аймақтан қосымша 10 гектар жер алдық. Құрылыс өткен жылдың желтоқсанында басталды. Ол өндіріс ашылған соң жұмыс

– деді инженер-технолог Галина Харасова.

Бүгінгі таңда компания жоғары сапалы, халықаралық стандарттарға сай өнім шығарумен қатар, жұмысшыларға әлеуметтік қолдау көрсетіп, жоғары жалақы ұсыну арқылы әлеуметтік жауапкершілігін де айқын танытуда. Сонымен қатар, Болгария мен Ресей нарығына шығу жоспары бар.

Бір сөзбен айтқанда, «Polymet Solutions Corporation» – тек бір зауыт емес, ол инновация мен инженерлік озық ойдың тоғысқан торабы. Мұндай тың жобалар еліміздегі өндірістің өркендеуіне оң ықпал етері анық.

«Арлан» спорт кешенінде

Ауылда ашылған әрбір жаңа нысан – сол өңірдің өміріне серпін беріп, болашағын бағдарлайды. Сол игілікті істің жарқын мысалы – Ғабиден Мұстафин ауылында бой көтерген «Арлан» спорт кешені.

саламатты өмір салтын ұстануға баулып келеді.

Спорт кешенінің басшысы Ерназар Баткенов алдағы жоспарларымен бөлісті.

– Мен өзім қаратé спортынан жаттықтырушымын. Амандық болса, қараша айында Жапонияда өтетін Әлем чемпионатына жас спортшыларды апарып, ел намысын қорғауға ниеттіміз. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, біздің кешенге тек осы ауылдан ғана емес, көрші елдімекендерден де спортқа құштар балалар келіп жүр, – деді Ерназар Дәулеткелдіұлы.

Спорт кешенінің екінші қабатында алдағы оқу жылында музыкалық мектеп ашу жоспарланған. Қазірдің өзінде барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіліп жатыр. Барлық үйірмелерге қатысу тегін. Өйткені мемлекеттік тапсырыс аясында жұмыс істейді. Демек, бұл кешен – тек дене шынықтыру емес, рухани дамуға да жол ашатын кешен болмақ.

Тынысы ашылған жаңа ФАП

Ауылдық жерлерде медицинаны дамыту – соңғы жылдары атқарылып келе жатқан маңызды бастамалардың бірі. Тұзды ауылындағы жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің салынуы – сол елдімекен тұрғындарының көптен күткен қуанышы. Бұған дейін ауыл жұрты кеңес үкіметінен қалған ескі ғимаратта медициналық көмекке жүгініп келді. Ол ғимараттың іші суық, ауызсу жүйесі жоқ болатын. Жыл сайын құлаған қабырғасын қалпына келтіріп, өкетеу жұмыстары жүретін. Ал, қазір қиыншылықтың бәрі артта қалды десе болады.

Тұзды ауылында 617 тұрғын бар, ал медициналық көмектің қолжетімді әрі сапалы болуы олардың алысқа ат арылтып-ақ, дер кезінде көмекке жүгінуіне оң ықпал етеді.

Жоба 2024-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылды. 195 миллион теңге көлемінде қаржы бөлінген бұл нысанның қазіргі таңда 95 пайызы дайын. Су мен электр желісі толық тартылған, алдағы айда пункт өз жұмысын бастайды.

Ауылда 30 жыл мейрбике болып қызмет атқарып келе жатқан Гүлнар Жұмабекова көптен күткен қуанышына жүрекжарды пікір білдірді:

– Осы ФАП-тың ашылатынына өте қатты қуаныштымыз. Көп жылдан бері ауылда қарапайым көмектің өзіне зәру болып келдік. Енді жаңа нысан бар, жарық бар, су бар. Менен бөлек бұл жерде

санитар мен акушер, барлығы үш маман қызмет ететін болады. Ашылуын асыға күтіп отырмыз, – деді Гүлнар Базарбайқызы.

«Тәні саудың – жаны сау» демекші, ауыл медицинасы әр ауылда дәл осындай жаңа деңгейге көтерілгенде халықтың келешегі кемел бола түспек.

Тұрақтылық пен серпінді дамудың үлгісі

Баспасөз туры соңында Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын БАҚ өкілдерімен брифинг өткізіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы жөнінде жан-жақты баяндады. Оның айтуынша, аудандағы даму көрсеткіштері тұрақты динамикаға ие. Экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жетілдіру және әлеуметтік түйткілдерді жүйелі шешу бағытында нақты жұмыстар атқарылуда.

– Биылғы есеп бойынша аудан экономикасы 43 пайызға өсіп, тұрақты даму бағыты сақталып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде айтарлықтай серпін бар. Соңғы алты айдың қорытындысында бұл саладағы өндіріс көлемі 59,2 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 65 пайызға артты, – деді аудан әкімі.

Ел игілігінің жұмыс істеп тұрған «Сарыарқа» еркін экономикалық аймағының да жұмысы жанданды. Қазіргі таңда мұнда оннан астам резидент кәсіпорын жұмыс істеп тұр. 85,5 миллиард теңгеге құрайтын бес жоба биыл іске қосылады деп жоспарлануда.

Аудандағы шағын және орта бизнес нысандарының саны 3 мыңнан асады, бұнда 8 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Бюджет тарапынан 682 миллион теңге көлемінде қолдау көрсетілген жобалар бар. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аймақтық туризмді дамытуға да баса назар аударуда. Ауданда бүгінгі таңда 11 туристік нысан жұмыс істейді. Әкімнің айтуынша, болашақта «Семізбұғы» өңірінің туризм әлеуетін жандандыру көзделіп отыр.

Ауыл шаруашылығы саласында да өсім байқалады. Биылғы өнім көлемі 94,7 миллиард теңге. 146 мың гектар жерге егіс егілген, оның ішінде, 4 500 гектар – майлы дақылдар, 2 500 гектар – картоп, 236 гектар – көкөніс алқабы.

Бұдан бөлек, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 659 миллион теңгеге пилоттық бастамасы қаралып, 23 жоба қолдау тапқан. Ал әлеуметтік осал топтарға арналған тауарлық несие жобасы аясында 6 ірі шаруа қожалығы 13 отбасыға 200-ге тарта ірі қара мал берген.

Аймақтағы ауызсу мәселесі де толық шешімін тауып келеді. Қазіргі таңда аудан халқының 99 пайызы орталықтандырылған таза сумен қамтылған. Ерекше атап өтерілігі, Алабас және Аюлы ауылдарына ауызсу күн энергиясымен тартылып, тұрғындарға тегін ұсынылуда. Экологиялық қолжетімділіктің бір үлгісі.

– Бұқар жырау ауданы – өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы тең өркендеген, инфрақұрылымдық даму мен дәстүр үйлесім тапқан өңір. Біз өңір халқының тұрмыс сапасын арттыру үшін барлық мүмкіндікті пайдалануға ниеттіміз, – деді Ерлан Құсайын.

Осындай тың бастамалар мен серпінді жобалар Бұқар жырау ауданының болашаққа деген сенімді қадамын айқын көрсетеді.

Суреттер ұйымдастырушылардан



Белгілі қаламгер, публицист Қалиакпар Әбілдиннің туғанына — 90 жыл

Қалаған берген жолдама...

Ақын, публицист Қалиакпар Әбілдин туралы үзік сыр

«Қалаға» деуші едік... Әңгіме әлкисасы — ақын-публицист, журналист-редактор Қалиакпар аға Әбілдин туралы.

Он екі, он үш жасымнан шатпақтап өлең жазумен әуестене бастадым. Алғашқы жаңа жылға арнаған жалғыз шумақ өлеңім мектептің «Жас қалам» қабырға газетіне шыққаны есімде мәңгі қалды. Мәшинкеге басылған бір шумақ өлеңіме үзіліс кездіңде балалардың көзін ала беріп, ұрлана ұзақ қарайтынмын. Әдебиет, өлең деген сиқырлы әлемге қызықтырып, көзімді ашқан алғашқы ұстазым Өмір Кәріпов еді. Әдебиеттен сабақ беретін. Қазір сексеннің бес-сеуіне келді. Алты Алашқа есімі әйгілі жазушы.

Жоғары кластарға келгенде аудандық «Жаңаарқа» газетінде шағын әңгіме, новеллаларым жарық көре бастады. Сол жазбаларды алғашқы тырнақалды туындыларым болған соң кейін «Жылымық жылдар жаңғырығы» атты публицистикалық жинағыма кіргіздім. Балауса жылдарымның балаң сезіміне құрылған шығармалар болса да, тастауға қимадым. Совет заманында болса да, баспа бетін көрді ғой... Баспа беті демекші, ол кезде «Жаңаарқа» газетінің бас редакторы Қалиакпар Әбілдин болатын. Ал совет дәуірінде аудандық газеттің бас редакторының күдіреті мен беделі райком хатшыларынан кем емес еді...

1981 жылы «Ақтау» орта мектебін тәмамдадым. Арманым — журналист болу. Журналистің оқуы тек Алматының ҚазҰУ-інде ғана. Он тоғыз облысы бар Қазақстандағы жалғыз факультет. Оқушы кезімде «Жаңаарқаға» жарияланған мақала-очерктерім мен әңгіме-новеллаларымды кере қарыс альбомға әдемілеп жапсырып, растатып, мөрлетіп, жолдама қағаз алу үшін «Жаңаарқа» газетін іздеп келдім. Ұяңдау болып өскенім бар, жүрегім лүпілдеп, жүрексіне басып, редакция табалдырғын әрең аттадым. Балалық қой. «Шаруаның бәрін тек бастық қана шешеді» деп ойласам керек. Бірден бас редак-



1981-1982 жылдар. «Жаңаарқа», «Новая степь» газеттерінің өндірістік жиналысы

тордың қабылдау бөлмесіне келдім. Тұңғыш редакция босағасын аттау, тұңғыш рет редакторды көру бақыты осылай бұйырып еді. Бұл 1981 жылдың маусым айы болатын. Бүгін ойласам сол сапар, сол кездесу өмірімнің ең бір өшпес кезеңі екен-ау! Бұған дейін барлық жазғандарымды авиа конвертімен почта арқылы жіберуші едім. Енді міне, редактордың қарсы алдында отырмын. Шекелі, қабағы қалың, шашын оңға қайырған, ашаң бойлы, ат жақты, жүзі жылы кісі екен.

— Әй, сен Ақтаудағы Қойлыбай Асановсың ба? — деді. Басымды изедім.

— Шіркін, Ақтаудың табиғаты керемет қой. Ол жақта өскендердің осалы жоқ. Ақселеу ағаң жылқы баққан Ақтау ғой. Тілің жақсы екен. Табиғатпен адам жанының үйлесімін беруге жақсы талпыныс жасағансың, — деді. Нені меңзеп отырғанын сезіп отырмын, мамыр айында ғана газетте «Аққу мұңы» деген новеллам жарияланған. Қалаған сол туралы айтып отыр.

Редакция үйінен қанаттанып шықтым. Қолымда редакция аты



Ақселеу Сейдімбек және Қалиакпар Әбілдин

жазылған, қағазға мәшинкеге теріліп, редактордың мөрлеп қойған жолдамасы! Қойшының үйі мен мектептен басқа ештеңе көре қоймаған он алтыдағы бозбала

кезім ғой. Тура сол кезде бас редактор қол қойған мөрлі қағаздың күдіреті мен үшін ерекше еді!

— «Бітті!» — дедім жолдамаға қарап. — Бітті, оқуға түсетін бол-

дым, — дедім алып-ұшып. (Бас редактор Қалиакпар Әбілдин қол қойып, мөр басқан сол жолдама қағазы әлі күнге жеке архивіме сақтаулы).

Жайлауға ҚазҰУ-дың журналистикасына түскендей болып қайттым. Енді тек Алматыға дайындалып, құжат тапсыруым керек. Мөрлі қағазды көрген көрші-қолаң «құтты болсын!» айтып жатыр. Шешем қуанып, әкем мағмұрланып, қайта-қайта басын сипай береді. Үйдің іші қой сойып, Манақа өзенінің бойын қатар жайлап отырған қойшыларды ерулікке шақырды. Өйткені балалары білім жолын қуып, Алматыға жүргелі отыр. Семіз қойдың майлы сүбесін қарпи асаған Бірнәзір шопаң:

— Осы баладан бірдене шығатынын баяғыда сезгенмін, — деді. Не керек, алты қанат киіз үйдің ішінде алқа-қотан жайғасқан қойшылар небір мақтаулар мен ізгі тілектерін риясыз айтып жатты...

Өмір алға жылжи берді. Кешегі Қалағанның алдынан қанаттанып шыққан бозбаланың өзі бүгінде алпыстың асқарына көтерілді. Жылдар жылыстап, айлар алыстаған сайын осынау ғұмырда жақсылығын сезініп, шапағатын көрген кешегі асқар таудай ағаларды жиі есіме аламын. Тағдырыма тікелей әсер еткен ардақты ағалар көшінің керуенінде он алты жасымда арманыма алау сыйлаған Қалиакпар ағамның орны ерекше.

Қалағам алыптардың көшін жалғаған асылдардың сынығы еді. Жүрегінен мейірім мен ізгіліктің нұры төгіліп тұратын. Сол адами асыл қасиеттер шығармашылығына ерекше шырай беретін. Санқырлы талант иесі Қалағам қара сөздің хас шебері еді. Журналистика бағытында үлкен мектеп қалыптастырды. Публицист ретінде өміршеңдік қуатын жоғалтпайтын, болашақ ұрпақ үшін қажетті дерек пен дәйекке толы қаншама шығармалар жазды. Тумысынан ақын болатын. Ол кісінің сөз өнеріне жақын болуы тәңір сыйлаған сол таланттан шығар бәлкім. Әсіресе, Қалағанның тағылым мен тәрбиеге негізделген төрттаған шумақта-

ры ойлы оқырманның рухани таңымын тереңдетті.

1935 жылы дүниеге келген Қалаған ел ішінің есті әңгімелері білетін әңгімешіл қариялардың нағыз кемеліне келген шағы еді. Өйткені олардың көбі — XX ғасыр басында дүниеге келіп XIX ғасырдың рухани асыл қазынасын санасында сақтап, жүрегіне тоқи алған жандар. Яғни, ғасырларды жалғап тұрған алтын көпір болатын. Қалаған сол қазына кеуде қариялардың әңгімесін тыңдап, құлағына құйып өскен. Қалаған сияқты қаламгерлердің шығармашылық қуаты мен ой тереңдігінің құнарлы болуы осындай қайнар бұлақтан бастау алатындығында жатса керек.

Тағдыр жолы — сан тарау. Кейін Қалағаммен жиын-той, шығармашылық кештерде жиі кездесіп жүрдім. Бауырына басып, арқамнан қағатын. Қалағанның даладай дархан құшағында тұрып, сонау алыстағы алып-ұшқан бозбала кезім еске түседі. Қалаған берген сол жолдаманың күш-қуаты бойымда әлі атойланып тұрғандай сезінемін. Шын ниетімен, ақ тілегімен ақ қағазға түсірген аға тілегі мені талай қиырларға бастады. Журналист болып, ел араладык. Бізде өзімше көсіліп қалам тербедік. Кейін журналистика мамандығы бойынша кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғадық. Ғалым-журналист атандык. Болашақ журналистердің алдында енді өзіміз дәріс оқып жүрміз. Талай халықаралық, республикалық конференциялар мен симпозиумдерде күректей сертификат пен дипломдарды қолымызға ұстадық. Рас қуандық, марқайдық. Нанасыз ба, бірақ соның бәрі Қалаған берген жолдамадай жүрегімді алапат сезімге бөлеген жоқ...

Қойлыбай АСАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

• «МЕН БҮГІН ӘКЕМДІ АЙТЫП МАҚТАНАМЫН...»

Темірқазық

Әкем, марқұм Қалиакпар Әбілдин — менің өмірімдегі ең биік тұлға. Ол ешқашан боқауыз сөз айтқан, жүрекке дақ түсірмеген, жалған сөзге жаны қас, әділдік пен кішіпейілділікті өмірлік серік еткен адам еді. Балалық шағымнан бастап, өмірге деген көзқарасым мен ұстанымымды әкем қалыптастырды. Ол үнемі «Ешкімге өкпелеме, ешкімнің өкпесін қабылдама» дейтін. Бұл сөздер маған өмірлік темірқазыққа айналды.



Отбасының ортасында

Бір оқиға әлі күнге дейін жүрегімде ерекше орын алады. Ол кезде мен мектеп оқушысымын. Мектеп ғимаратының жанында орналасқан «Жаңаарқа» газетінің редакциясында әкем жұмыс істейтін. Бір күні мектептен шықсам, редакция алдында әкемнің қызыл «Жигули» тұр. Жанымдағы сыныптастарыма мақтаншыпен:

— Сендер бара беріңдер, мен үйге әкемнің машинасымен қайтам, — дедім.

Іштей қуанып, редакцияға кірдім. Әкем кабинетінде отыр екен.

— Не істеп жүрсің? — деді ол.
— Сіз түскі асқа бармайсыз ба? Үйге көлікпен жетіп қалайын деп едім, — дедім мен.

Сонда әкем маған сабырмен, бірақ мағынасы терең сөз айтты: — Балам, сен күнде үйге көлікпен қайтып жүрсің бе? Ал, достарың ше? Олармен бірге жүр. Өлі ұзамай тұрғанда жетіп ал, — деді.

Бұл сөздер сол сәтте қарапайым көрінгенімен, мен үшін өмірлік сабақ болды. Әкем маған бір ғана мысалмен — адам бойындағы қарапайымдылықтың, көптен бөлінбеудің, ешкімнен артық емеспін деп

ойлаудың қандай маңызды екенін ұғындырды.

Содан бері мен өзгелерден биік көрінуді емес, адам болуды мақсат еттім. Қайда жүрсем де, кіммен бірге болсам да, әкемнің сол бір жылы сөзі мен ақыл жол көрсетіп тұрды. Ол мені сөзбен емес, әрекетімен тәрбиеледі.

Ағатайым — мен үшін жай ғана әке емес, тұтас бір өнеге, адами биіктік еді.

Нұрлан ӘБІЛДИН,
Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі

• ЛЕБІЗ

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды»

Асқар таудай, арқа сүйер әкеміз Қалиакпар Көшекұлы өзінің бар саналы ғұмырын журналистикаға арнаған жазушы, ақын, публицист, еліне, халқына сыйлы, құрметті азамат еді.

Биыл туғанына 90 жыл толуына орай туған жерінде біраз іс-шара жүргізіліп, еске алу кештері өтті. Аудандағы өзі тұрған көшеде суретімен баннер орнатылды. Бұл — біз үшін үлкен мәртебе, ұрпақтары үшін аталарына деген жүректеріне мақтаныш сезімін ұялататын тәрбиесі мол, үлгі болатын іс-шара.

Әкеміз өзі әкеден жалғыз болды да, бар махаббатын, сүйіспеншілігін өзінен туған сегіз баласына арнады. Бірақ, қанша жақсы көрсе де, сыртқа білдірмейтін. Іштей сүйіп, сыртынан тәрбие беретін.

«Бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» дегендей, көзімізді ашып, әріп танығалы көретініміз әкеміз іс-сапармен қай жаққа барса да, міндетті түрде кітап ала келетіні. Әрдайым жазу үстіндегі бейнесі әлі көз алдымызда. Біздің бала кезімізден көркем әдебиетке құштар болуымыз, сүйіспеншілікпен қарауымыз әкеміздің қанымен берілген болса керек. Соңында қалдырған құнды мұрасы — оқуға, білімге деген ынтамыз. Біздер «Оқыған, зиялы, кітапсүйер болсын» деген асыл арманының бастауына өзі үлгі болған екен.

Әкемің жүрегі өте мейірімді толы еді. Кеменгер, шыншыл, үлкенге де, кішіге де елпідеген ақкөңіл мінезі бар еді. Бірақ, ашу-



Жары Ақборық Қалырбекқызымен

ланса, найзағайдай шатыр-шұтыр болатын. Ол кісі ашуланғанда көзіне көрінбеуге тырысатынбыз. Дегенмен, жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше дегендей, қолма-қол басылушы еді. Одан кейін әрқайсымыздың атымызды атап, еркелетіп, асты-үстімізге түсіп, «Ренжіп қалмадыңдар ма?» дегендей, бәйек болып жататын.

«Басыңды кесіп алса да, өтірік айтпаңдар, біреудің ала жібін аттамаңдар, досыңа адал бол» деген қағидалары осы күнге дейін өзімізбен қатар келе жатыр.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, әкемізден алған тәрбиесізді өз балаларымызға беруге тырысып келеміз. Анашыммен 60 жылға жуық өмір сүріп, бір-біріне шәй деспей, махаббаттарын сактай білген өмірлері де біз үшін үлкен мақтаныш.

Кімге болса да, әкенің орны бөлек. Біз үшін әкеміз қай жағынан алса да, ерекше қайталанбас дара тұлға. Шындықтың, адалдықтың символы ретінде, артындағы ұрпағына өзінің өлең-жырларымен, нақыл сөздерімен, жазбаларымен өшпес, теңдесі жоқ рухани азық қалдырып кеткен ардақты адам. Әке, ата, жар, еліне, халқына қадірлі азамат ретінде жадымызда сақталады. Біз — балалары, ұрпақтары осындай әкеден туған ұрпақ екенімізді мақтан тұтамыз. Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Жарқын бейненің мәңгі есімізде дей отыра, соңында қалған ұрпақтарына ұзақ, бақытты ғұмыр берсін деп тілейміз.

Әбіл ӘБІЛДИН,
Қарағанды облысының полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары

• ТАҒЫМ

Жаны жайсаң жан

Көзі тірісінде ел алғысына бөленіп, соңында өшпес өнеге қалдырған Жарылқасын Бикенұлы Бикеновтің өмірден өткеніне биыл 5 жыл толып отыр. Бірақ, ұрпағы мен жары, ағайын-туысы, оны білетін барша ел-жұрты үшін Жөкең – тірілер қатарында жүргендей, ақылы мен парасаты, кісілігі мен кемелдігі әлі күнге құлақта жаңғырып тұрғандай. Жақындары бұл күнде сағына еске алады, жүрекпен жоқтайды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Текті елдің тұяғы

Кей адамдар болады, өмірі – аңыз, өзі – тірі шежіре. Жарылқасын Бикенұлы сондай жан еді. Екі көзі жарық дүниені көрмей қалса да, көкірек көзі тіршілікті, қоғамды, адамды анық көре білді. Тұтас бір тоқсандық есеп-қисапты жатқа айтып беретін зердесімен, тірі болғанда бүгінгі күннің ұмытшақ, компьютер басты ұрпақтарын таңдай қақтырар еді.

Санасында сандықтай сақталған дерек, сансыз тізім, дата-лар, оқиғалар – оның жадының ғана емес, жан дүниесінің тазалығы мен тереңдігінің белгісі. Сол зердесі мен өмірге құштар ерік-жігері арқасында елге адал еңбек етіп, жарты ғасырдан астам уақыт бойы тұтас бір жүйенің тірегіне айналды.

Жарты ғасырдан астам тағу-тәтті өмір сүрген жары Әни-яш Бикенова Жарылқасын ағаны күн сайын сағына еске алады. Оның кітаптарын ақтарып, фотоальбомдарын парақтап, асыл бейнесімен сырласады.

– Қызғаныш, көреалмаушылық, мансап пен байлыққа құмарту, өтірік айту деген жанына мүлдем жат еді. Балаларына да соны үнемі насихаттап отыратын. Маған бірде-бір рет ауыр сөз айтып көрген емес. Бұл өмірдің өткініші, бәрінің уақытша екенін жүрегімен сезгенді-гі болса керек, – деп тебіренеді Әни-яш апай.

Абыз кеуделі арда азамат Жарылқасын Бикенұлы – 1943 жылы 9 сәуірде Қарағанды облысы, Нұра ауданының Көбетей ауылында дүниеге келді. Түбі – Қуандықтың Алтай тармағынан. Әкесі Бикен – Ұлы Отан соғысының ардагері, анасы Зағипа – тоғыз баланы дүниеге әкелген алтын құрсақты ана.

Қаршадай кезінен-ақ есепке жүйрік Жарылқасын абыз ақсақалдардың батасын алып, «бала шежіреші» атаныпты. Әкесі мен анасы оны қатты жекіп сөйлемей, ұрпақ тәрбиесінде сөздің салмағымен тәрбиелеген.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, жастайынан әкесінің қасына еріп жүріп, еңбекке ерте араласқан. Ол өзінің сұхбатта-

рында: «Оқуда, еңбекте дұрыс жүріп, дұрыс тұрған адаммын» деп жиі еске алып отырады екен.

Еңбегімен еленген дара тұлға

Жарылқасын ағамыз еңбек жолын қатардағы бухгалтердің шәкірті болып бастайды. Азаматтық борышын өтеп жүріп, авиация полкінде механик ретінде жұмыс істеген. Сол жылдары Новосібір кеңес және коопера-ция саудасы институтын үздік аяқтады.

Мамандығына деген құлшы-нысы, есепке деген сүйіспен-шілігі, адамгершілік қасиеттері оны еңбек жолында алға жетеле-ген. Әскерден оралған соң Нұра аудандық Тұтынушылар одағы-ның бас бухгалтері қызметіне кірісіп, 1971 жылы, небәрі 28 жасында Қарағанды облыстық Тұтынушылар одағының бас бухгалтері болып тағайындал-ды. Бұл – сол дәуір үшін үлкен жетістік.

Адалдығы һәм кәсібилігінің арқасында 40 жылдан астам уақыт бойы осы қызметті атқа-рып, қырағылығы мен адалдығы арқасында жұртшылықтың ерек-ше ықыласына бөленді.

«Қарағандыдай аумағы со-зылып жатқан іргелі облыстың есеп-қисабының бір адамның миына сыйғаны – ел сүйсінерлік құбылыс емес пе?!» – деп еске алады әріптестері.

Ағамыз сол кезде көпке бұйырмайтын марапат – «Қа-зақстанның еңбек сіңірген қыз-меткері» атағын 1994 жылы Ел-басы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен иеленген. Бұл – оның кәсіби шеберлігі мен ха-лық алдындағы адалдығының дәлелі.

Тағдыр сынына мойымаған

Адам тағдыры – жазмыш. 30 жасында ауыр сынақ келіп, Жа-рылқасын ағаның қос жанары көрмей қалады. Жастық шағы-ның ең жарқын кезеңінде кел-ген бұл сынақ кез келген жан-ды қажытатын ауыр сокқы еді. Бірақ, ол бұған мойымады.

Жары Әни-яш апай сол күнді тебірене еске алады.

– Маған телефон шалып, «көзім көрмей қалды» деді. Ол



кезде мен 25-темін, ол 30-да. Жақан жездесі мен Үмітжан апасына хабарласып, көзді емдейтін ауруханаға апардык. Дәрігерлер «1 топтағы мүгедек, жұмысқа жарамсыз» деді. Алайда өмірде адамшылық пен шынайы жанашырлықтың бар екенін дәлелдеген жандар сол кезде жа-нымыздан табыла білді. Қазтұты-нуодағының бас есепшісі Хайдар Даминов: «Ешқандай мүгедек-тік алма, мен отырғанда жұмыс істейсін» – деп қамқорлық көр-сетіп, кәсіби маманды қатардан шығармай, еңбек жолын жалға-стыруға мүмкіндік берді, – дейді ол.

Сонымен қатар, Ресейдің Куйбышев қаласындағы Наталья Борисовна есімді дәрігер талай жыл емдеп, ота жасап, жыл сайын бауырындай қабылдап, үйін-де қонақ қылып, шын ниетімен көмектескенін атап өткен жөн.

«Ондай мамандығына адал жандар сирек. Ұшаққа мінгізіп жіберсек, күйеуі екеуі күтіп алып, емдеп, қайта шығарып са-латын. 1973-1991 жылдары жыл сайын барып тұрдық. Осы уақыт аралығында 8 рет ота жасалды. Кейінгі жылдары Алматыға ем-деттік», – дейді Әни-яш апай.

Ғылым мен руханияттың жанашыры
Жарылқасын Бикенұлы – есепке жүйрік маман ғана емес, ел шежіресін тасқа түсірген та-

рихи зердесі бар тұлға.

Нақтырақ айтсақ, ол өз дауы-сы арқылы 30 сағаттық естелікті диктофонға жазып, одан «Өмір сынақтарының сыры» атты 337 беттен тұратын кітап дүниеге келген. Бұл еңбек – тағдыр сы-нынан мойымай өткен адамның өмірлік философиясы, өмірге де-ген көзқарасы.

Бұдан бөлек, оның жетек-шілігімен жарық көрген «Тока шежіресі» (2000), «Қарпық шежіресі» (2002), «Қарпық және Қожа шежіресі» (2008), «Алтай Қалыбек шежіресі» (2009) сын-ды шежірелік кітаптары – ата-ба-ба тағдырымен қоса, ұлттық код-ты сақтауға бағытталған тарихи еңбектер.

Сонымен бірге, Рафхат апасының өнегелі өмір жолына арналған «Апа жүрегі» атты кітабы 2019 жылы жарық көрді. Кітап-та Рафхат апасының тағылымға толы өмірін Домалақ ана, Қарқа-бат ана сынды қазақтың қайсар қыздарының жолын жалғаушы ретінде көркем тілмен жазып шыққан. Бұл да бауырға деген құрметтің асқақ үлгісі болса ке-рек.

Жарылқасын Бикенұлы Қа-рағанды кооператив институты-ның «Бухгалтерлік есеп» кафе-драсында аға оқытушы болып, «Бухгалтерлік есеп», «Ақпарат-тық-есептегіш жүйесі» сынды ғылыми еңбектердің жарыққа шығуына да атсалысқан. Ақпа-раттық технологияның енді өр-

кендей бастаған кезеңінде осы бағытта насихат жүргізіп, көре-гендік танытқан.

Халық құрметтеген абыз

Оның білімділігі мен сөз-ге шешендігі ел арасында аңыз болып айтылып жүр. Батаны жүрекпен беретін, сөзді түз-дықтап айтатын, шежірені түген-деп беретін абыз жан болатын.

Ол туралы мемлекет қайрат-кері Оралбай Әбдікәрімов, от-ставкадағы полковник Есентай Шәйменов, облыстың бұрынғы бас имамы Өмірзақ қажы Бекко-жа сынды тұлғалар тебірене естелік қалдырған.

«Жөкең келді» дегенде, жұрт төрін ұсынып, батасын алып, дұға-сын тыңдайтын болған. Халқы оның азаматтық тұлғасы мен кісілігін сыйлап, «Жаны жайсаң Жарылқасын» деп атап кеткен.

Кейіпкеріміздің көп жыл-дық еңбегі елеусіз қалған жоқ. Нақтырақ айтсақ, Жарылқасын Бикенұлы – «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Нұра ауданының Құрметті азаматы. Бұл оның ел үшін қызмет еткен дара тұлға екенін аңғартады.

Ұрпақ – өмірдің жалғасы

Жарылқасын ағаның соңын-да – ошағының отын өшірмей, шаңырағын биік етіп отырған жары Әни-яш анамыз бен ұр-пақтары қалды.

Әни-яш Бикенова (жақын-дары «Сания» деп те атайды) – Қарағанды қаласында 1948 жылдың 29 ақпанында туған. Ба-лалық шағы мен жастық кезеңі Нұра ауданы, Көбетей ауылында өтті. Осындағы қазақ мектебін аяқтаған соң, 1967 жылы Қараған-ды мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1974 жылы биология пәнінің мұғалімі мамандығын иеленді. Еңбек жо-лын білім беру саласынан бастап, кейінірек Қарағанды коопера-тив институтында «Бухгалтер-лік есеп» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алады. Осы оқу орнында оқу ісі бөлімінде, кейін «Бухгалтерлік есеп» кафе-драсында кабинет меңгерушісі болып қызмет етті. Тәртіптілігі мен жауапкершілігінің арқасында ұзақ жылдар бойы түрлі мекеме-лерде абыройлы еңбек етті. Бү-гінде Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде мұрағат меңгерушісі болып қыз-мет атқарады.

Әни-яш Бикенова – Жарылқа-сын Бикенұлының өміріндегі ең үлкен тірегі, сенімді серігі, адал досы – жұбайы. Екеуінің тағды-

ры – тек некемен емес, рухпен де байланысқан ерекше жұптық ғұмыр. Ол кісі бүкіл ауырпа-лық пен қуанышты бірге көтеріп, жарының әрбір күрес сәтінде қасында жүрді. Екі адам арасын-дағы нағыз сүйіспеншілік пен жанашырлық – қиындыққа тап болғанда бір-бірінен алыстамай, қайта жақындай түсу.

Жарылқасын ағаның жана-ры кенеттен нашарлап кеткен-де, Әни-яш апай ештеңеден қай-мықпай, жұбайының қайтадан өмірге бейімделуіне, кәсіби жо-лын жалғастыруына барынша қолдау көрсетті.

«Ауырып қалғанын естіген-де, жүрегім қарс айырылды. Бірақ, оны үмітсіздікке жіберуге жол бергім келмеді. Екеуіміз бұл сынақтан бірге өтеміз деп шеш-тік» – деп тебірене еске алады.

Анамыз жылдар бойы күй-суінің кітаптарын әзірлеуге, жазбаларын таспаға түсіруге, естеліктерін жинақтауға көмек-тесті. Жарылқасын ағаның шежіре кітаптары мен өмірба-яндық еңбектері екеуінің ортақ жан еңбегінің нәтижесі десе де болады. Осылайша, Әни-яш апай өзінің төзімділігімен, іштей мықтылығымен, үнісіз ерлігімен елге танымал жанның ең жақын серіктесі бола білді.

Бүгінде Әни-яш Бикенова – жұбайының соңында қалған ру-хани, тарихи, шежірелік мұраны ұрпаққа аманаттаушы, сақтаушы. Оның өз балалары мен немере-леріне деген мейірімі, өмірге де-ген парасатты көзқарасы – нағыз қазақ әйелінің, ардақты ана мен аяулы жардың бейнесі.

Ұлдары – Әбілқасым, Ерқа-нат, қызы – Гүлшат. Немерелері – Арлыжан, Томирис, Мұхам-мед, Дінмұхаммед, Ардан, Арлан асқар таудай ардақты Жарылқа-сын ағаның ұрпағы болғанын мақтан тұтып жүреді. Сағына еске алады.

Сөз соңы

Жарылқасын Бикенов – тағ-дырдың тауқыметіне мойымаған, еңбегімен елге танылған, адал-дығымен адамзатқа үлгі болған ардақты азамат. Көзі көрмесе де, көкірек көзімен көрген, жүрек түпкірінен сөйлеген кеменгер.

Бүгінде соңында рухани мұра, естеліктерге толы кітап-тар, өнегелі ұрпақ қалдырған ол – өткеннің емес, мәңгілік тұлға-ның бейнесіне айналды.

Сағынамыз. Еске аламыз. Жа-ныңыз жәннатта болғай, жаны жайсаң Жарылқасын аға!

Сурет Ж.Бикеновтің жары Әни-яш Бикенованың мұрағатынан

«Бұлақ көрсең, көзін аш!»

«Жаңбыр жауса – жер ток, егін ексе – ел ток. Бұлақ ақса – көл ток. Еңбек етсе – ер ток» дейді дана қазақ. Жұырда өңірдегі табиғи бұлақтар мен көздерін сақтауға және тазартуға арналған дөңгелек үстел өтті.

«Сарыарқа бұлақтарын сақтайық» атты іс-шара мемле-кеттік органдардың, экологиялық ұйымдардың, жастар бірлестік-терінің, бизнес өкілдері мен жұртшылықты бір үстелге жина-ды. Дөңгелек үстелдің мақсаты – аймақтың бұлақтарын қорық-пен ластанудан тазарту жөніндегі экологиялық бастаманы талқы-лау, сондай-ақ, оларды сақтау бойынша бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

Дөңгелек үстел жұмысына Қарағанды облысының Қоғам-дық кеңесінің экология мәселе-лері жөніндегі комиссиясының мүшелері, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының, жастар саясаты басқармасының, «ЕКОEXPERT» ЖШС өкілдері, қоғамдық бел-сенділер, еріктілер, ЖСДП мүше-лері, шаруа қожалық басшылары, студенттер және жастар ұйымда-ры, бұқаралық ақпарат құралда-

рының өкілдері қатысты.

Пікірталас барысында – Қа-рағанды облысының бұлақта-рының ағымдағы жағдайы және ластану факторлары, табиғи көз-дерді құқықтық және экологи-ялық қорғаудың жеткіліксіздігі, жастар мен еріктілерді табиғатты қорғау қызметіне тарту жолдары, сонымен қатар, ведомстваралық және қоғамдық әріптестік мүм-кіндіктерінің мәселелері көтеріл-ді.

Қарағанды облысының бұл-ақтары мен көздерін қорық-пен ластанудан тазартуға бағытталған «Сарыарқа бұлақтарын сақтай-ық» экологиялық акциясын өткізу бастамасын қолдау жөнінде қау-лы қабылданды.

Табиғи бұлақтары мен көз-дерін сақтауға және тазартуға арналған акцияда қоғам белсен-ділері Сәкен Келдібаев пен Қор-лан Молбасова қолдау білдіріп, ойларымен бөлісті.

– Елімізде мұндай бұлақ пен бұлақ көздері мыңдап саналады. Біз де осындай шараны бастаған болатынбыз. Шет ауданына қара-сты Үнірек ауылында осы аттас өзен өткен ғасырдың 90-жыл-дарына дейін буырқанып ағып жататын. Кейін тартылып, ағы-сы бәсеңдеп қалғаны тағы бар. «Бұлақ көрсең, көзін аш!» деген



атаумен ауыл тұрғындары игілік-ті істі қолға алып, өзен бойын-дағы бұлақ көздерін ашты.

Ауылымыздағы бұл өзеннің бойында бұлақ көзі жетерлік. Өрине, тіршілік көзі болған-дықтан сақтап қалуымыз керек. Бұрындары өткел бермей ағып жатқан өзеннің кенезесі кеуіп тұр. Алдағы бес-он жылда мүлдем ай-ырылып қалуымыз да мүмкін. Сондықтан, Жер-Ананың бізге берген сыйы – мөлдір бұлақтарды ашып, өзен-көл арнасын кеңей-туіміз керек. Үнірек өзені бойын-дағы екі бұлақтың көзі ашылып, жағасы таспен қоршалды. Мөлдір де таза су арнасын өзенге бұрды, – дейді ұстаз Қорлан Молбасова.

Аталмыш акция бір күнмен тоқтап қалмай, жылдар бойы жалғасын таппақ. Дегенмен, оны бір адам ғана емес, халық болып қолдау қажет.

Айта кету керек, 2025 жылғы шілде-тамыз-қыркүйек ара-лығында билік органдары өкіл-дерінің, еріктілер мен бейжай қарамайтын азаматтардың қаты-суымен осынау экологиялық ак-цияны өткізу жоспарланған.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Жұмыс қарқыны көз қуантады

Қарқаралы ауданы-на қарасты Егіндібұлақ ауылындағы №5 жалпы білім беретін мектеп ғима-раты 1978 жылы пайдала-нуға берілген. Ол содан бері маңызды міндет атқарып, жас ұрпаққа білім мен тәр-бие беру ісіне қалтқысыз қызмет етіп келеді.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір мектепте 167 оқушы білім алады, 39 педагог және 18 кіші қамту қызметкері еңбек етеді. Мекеме екі ауысымда жұ-мыс істейді. Мектебімізде педа-гог тапшылығы жоқ. Барлық пән мұғалімдері бар, мамандармен толық қамтамасыз етілгенбіз, – дейді мекеме директоры Қуа-ныш Ысқаков.

Мектепке былтырдан бері күрделі жөндеу жүріп жатыр. Екі жылға жоспарланған жұ-мысқа 376,6 миллион тенге қаржы бөлінген екен. Былтыр ғимараттың 154 терезесі түгел-дей ауыстырылыпты. Биыл мек-теп үйінің жылу және көріз жүйе-сін, электр желісін толығымен жаңарту, еденін қайта құю, ша-тырын ауыстыру жұмыстары



атқарылуда. Сонымен бірге, ғи-мараттың ішін әрлеу, жаңа есік-тер салу, сырлы кірпіштермен қайтадан өрнектеу қолға алын-бақшы.

Күрделі жөндеу жұмыстарын Астана қаласының «Универсал плюс» кәсіпорны қолға алыпты.

Олардың ісіне мекеме басшы-сының көңілі толымды. Жаңа оқу жылын жаңаланған ғима-ратта жалғастыру – Егіндібұлақ ауылындағы осы мектепте білім алушылар үшін үлкен қуаныш.

Сурет автордан

Құттықтау

Әулетіміздің ағасы, шаңырағының бас иесі, балаларының асқар таудай сүйеніші, немерелерінің абыздай ардақты атасы, филология ғылымдарының докторы, профессор – **Асылбек Ешенқұлұлы ЖАРТЫБАЕВ** бүгінгі күні ғұмырының биік бір белесі асулы 70 жасқа толып отыр.

Сіз көп жылдан бері жоғары білім саласында тынымсыз еңбек етіп, осы жолда көп белес-биіктерден көріне білдіңіз. Бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттеріңіздің арқасында Сіз үлкен жоғары оқу орнын басқардыңыз! Өріптестеріңіз Сізді ақылшы басшы, іскер ұйымдастырушы, жаңа бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Қызмет атқарған жылдарыңызда жоғары ғылыми дәрежеңізді, жауапкершілігіңізді және көп жылғы еңбегіңіздің нәтижесі ретінде республикалық, облыстық, аудандық атақ-дәрежелерге, марапаттарға ие болдыңыз.

Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Осынау жүріп өткен ұлағатты жолыңызда перзенттеріңіз бен жақындарыңыз үшін әрдайым да тәрбие мектебі бола алдыңыз. Біз Сіздің өнегелі істеріңізден жарқын сәуле, ағалық жүрегіңізден жылы мейірім сезініп, ер жеттік. Тәлімі көп істеріңізден үлгі ала отырып, Сіздің асқар таудай болмысыңызға еліктеп өсіп келеміз.

Қадірлі-мейібан, ақжарқын, пейілі дария жеңгеміз Рысты екеуіңіз балаларды үкілеп тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып жеткіздіңіздер. Барлық перзенттеріңіз өмірдегі өз жолдарын аласпай тауып, әр салада қызмет атқарады.

Ардақты да, асқар таудай Асылбек Аға! Сіз осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бөйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқасүйері болып отырсыз. Әрдайым елге сыйлы, ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жекжаттың ортасында алтын көпірдей қадірлі, бауырмал, көпшіл қалпыңызды сақтап келесіз.

Құрметті де қадірлі Асылбек Аға! Біз сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні Сізге әулетіміздің тамыры терең бөйтеректей тірегі болып ортамызда жүре беріңіз, мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, таусылмайтын несібесі-дәулет, тірлігіңіз қуаныш пен қызыққа толы болсын деп тілейміз. Еңбек пен білімде толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табысыңыз көбейе берсін. Әр уақытта қажымай-талмай өз ортаңыздың қадірменді ағасы, өз перзенттерінің айбынды ақылшысы болып жүре беріңіз! Сізді інілік жүрекпен жақсы көреміз, әрдайым мақтан тұтамыз! Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Ізгі тілек білдірушілер: іні-бөелеріңіз – **Асылхан-Шолпан, Ғалымжан-Жанар, Ныланбек-Айгерім, Лунара, Ақылбек, Нұрғұл, Нұржан, Алмас, Айдос, Асан, Алуа.**

№275

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексіннің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

Д

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Сантай Сулейменович Жетесов академик Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «Машина жасау технологиясы және стандарттау (ТО-МиС)» кафедрасына әрі өзге мамандықтар бойынша ҰБТ-дан сәтті өткен талапкерлерді оқуға қабылдайды (бакалавриат, ғылым магистрі, PhD докторантура деңгейлері бойынша). Байланыс телефоны: 8 701 521 4310. Асығыңыздар! Уақыт шектеулі. Әскери кафедра бар. Лицензия № KZ45LA00032371, берілген күні: 07.04.2022 ж. Берілген ұйым: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан, лицензия иесі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ.

Бірінші оқу корпусындағы қабылдау алқасына хабарласыңыз.

№284

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 78-10-51 жұмыс істейді.

Д

Мемлекеттік органды қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы хабарлама (ҚР Азаматтық кодексінің 48-бабы тәртібінде)

Осымен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаментін (бұдан әрі – Департамент) ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне (30.06.2025 жылғы ҚР Президентінің Жарлығы № 927) қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы жарияланады.

Жоғарыда аталған Жарлыққа сәйкес Департаменттің барлық құқықтары мен міндеттері ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне өтеді.

Қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органның кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде өз талаптарын қоюға құқылы. Кредиторлардың талаптары Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 12 мекенжайы бойынша қабылданады.

Қосымша ақпаратты 8-(7112) 91-36-22 және 91-36-23 телефондары арқылы алуға болады.

Д

ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

«Ауылына қарап, азаматын таны»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алғашқы форумында кәсіпкерлерді туған жерін дамытуға үлес қосуға шақырып, әрбір табысты азамат өзінің өскен өлкесіне қамқор болуы тиіс екенін атап өткен еді. Ақтоғай ауданына қарасты Қызыларай ауылында заманауи спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Аталған нысан Балқаш қаласының Құрметті азаматы, кәсіпкер әрі меценат Серік Қасымбековтің жеке қаржысына салынуда.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Серік Қасымбеков – Балқаштағы құрылыс компанияның директоры. Ол осы қаладағы спортты да қолдап келеді. Сонымен қатар жетім балаларға, зейнеткерлер мен ерекше қажеттілігі бар жандарға, жас спортшылар мен әншілерге көмектесіп жүр. Бұл қайырымдылықты өзінің атындағы қор арқылы да, жеке өзі де жүзеге асырады.

Баянды бастама – туған ауылында спорт пен мәдениетті дамытуға 20 жылдан астам уақыт бойы үлес қосып келе жатқан кәсіпкердің көпжылдық қайырымдылық жолының жалғасы. Ол жыл сайын Ауған соғысында қаза тапқан сыныптасы, 1986 жылы ерлікпен қаза болған Серікбай Оразалинді еске алуға арналған волейбол турнирін өткізіп келеді. Батыр сарбаз «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Жыл сайын өтетін тұғырлы турнир ауыл жастары үшін рухани сабақтастықтың нышанына айналған. Қазір ауыл жасөспірімдері волейболмен белсенді түрде айналысып, аудандық және облыстық жарыстарға қатысып жүр. Сондықтан, жастар үшін кәсіпкер толыққанды жаттығу басысын құруды ұйғарды.

– Мен Қызыларайда өстім.



Жастардың өсуіне, дамуына мүмкіндік жасау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Егер біз қолдамасақ, ауылды кім көтереді?! – дейді Серік Қасымбеков.

420 шаршы метрлік спорт кешені барлық заманауи талаптарға сай салынып жатыр. Мұнда волейбол, мини-футбол, ауыр атлетика және фитнеске арналған залдар қарастырылған. Жарықтандыруы мен еден жабындысы да сапалы материалдармен жабдықталады. Ашылуы қыркүйек айына жоспарланған. Алдағы уақытта кешен маңынан ашық спорт алаңы мен демалыс орны да

бой көтермек.

Серік Қасымбеков тек спортпен ғана шектелмейді. Ол он жылдан бері ауыл жастарына арналған «Ақсораң жұлдыздары» шығармашылық байқауын өткізіп келеді. Биылғы мерейтой аясында жаңа спорт кешенінде ән фестивалін ұйымдастыру жоспарланып отыр.

– Ауылдың жандануына ең алдымен мейлі денешынықтыру, не рухани жаңғыру болсын серпін қажет. Спорт – денсаулық, өнер – өзін-өзі таныту құралы. Екеуін де қатар дамытқан жөн, – дейді меценат.

Атымтай азаматтың айтуынша,

жақын арада Балқаш қаласында үлкен мешіт салу жобасы іске қосылмақ. Серік Қасымбековтің өңір дамуына қосқан үлесі мемлекеттік және қоғамдық марапаттармен аталып өткен. Алайда, меценат үшін ең үлкен сый – ел құрметіне бөлену және көзге көрінетін нақты нәтижеге қол жеткізу.

– Мен ешқашан атақ-даңқ үшін әрекет еткен емеспін. Ең бастысы, адамдықты жоғалтпау, ар-ұятпен өмір сүру және тәкаппарлықтан аулақ болу. Сонда ісін де оңалады, адал жандар да жаныңнан табылады, – дейді Серік Қасымбеков.

Серік Қасымбековтің тағылымды істері – бүгінгі қазақ қоғамында кәсіп пен қайырымдылықтың, табыс пен тектіліктің қатар өрбуі мүмкін екенін дәлелдеген жарқын мысал. Ол туған ауылына тартынып емес, тамыр тартқан перзенті ретінде қарайды. Жетімнің көз жасы мен жауқазын жастың арманына бейжай қарамайтын азамат – ел үшін елеулі, ұрпақ үшін өнегелі тұлға. Қызыларайдағы бой көтеріп жатқан спорт кешені – жөнекей құрылыс емес, үміт пен сенімнің іргетасының ізашарындай. Мемлекет басшысы айтқандай, әр азамат туған жеріне тіреу болса, ауыл – ұлттың алтын ұясы болып қала бермек. Осындай адал, арлы азаматтардың арқасында ел еңесі биіктеп, жас ұрпақ жарқын болашаққа сеніммен қадам басады.

Сурет Серік Қасымбековтің отбасылық мұрағатынан

Орман өртке оранбасын десек...



Қойнауы қазынаға толы, табиғаты көз тартқан Ұлы дала – бізге бабалардан қалған баға жетпес мұра. Осы мұраны көздің қарашығындай сақтау, тауы мен тасын, даласы мен нуын қорғау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау – баршамыздың парызымыз. Ақтоғай ауданындағы «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Қызыларай орманшылығы осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Қызыларай орманшылығының жалпы көлемі – 25 116 гектар. Оның 18 172 гектары ерекше қорғалатын таулы ормандар қатарына жатады. Бұл өңір – табиғи байлыққа толы: қарағайлы, қайыңды, көк теректі ормандар кеңінен таралған, өзен бойларында шілікті бұталы тоғайлар бар. Орманда мекендейтін жан-жануарлар мен өсімдіктердің түр-түрі – біздің экожүйеміздің байлығы мен тұрақтылығының көрсеткіші.

Бірақ, табиғатқа төнетін қауіп жылдан-жылға көбейіп кетті. Әсіресе,

орман өрті. Жұртшылықтың бейкамдығы, табиғатқа немқұрайлылық, кей кездері әдейі жасалған өрттер өкінішті жағдайларға алып келеді. Жаз кезінде өрт қаупі ерекше жоғары. Жер қуаң тартып, анызақ соққан кездері отты дұрыс пайдаланбау орман алқабын әп-сәтте күлге айналдыруы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын алу – біздің тікелей міндетіміз.

Біз Қызыларай орманшылығында жыл сайын өрт маусымына ерекше дайындықпен кірісеміз.

ҚҰҚЫҚ

Есірткі жарнамасы жойылды

Облыс аумағында есірткі заттарын заңсыз жарнамалауға қарсы бағытталған іс-қимылдар жүйелі түрде күшейтіліп, тұрақты негізде кең ауқымды әрі пәрменді науқан жүргізілуде. Атаулы бағыттағы жұмыстар легі құқық қорғау органдарының, жергілікті атқарушы билік пен қоғамдық ұйымдардың тығыз өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асып, жастар мен тұрғындар арасында есірткіге қарсы саналы көзқарас қалыптастыруға, сондай-ақ, қоғамда есірткі қылмысына мүлдем төзбеушілік ахуалын орнықтыруға бағытталған.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жыл басынан бері полиция қызметкерлері еріктілер ұйымдары мен өзін-өзі басқару органдарының қолдауымен есірткі заттарын насихаттайтын графикалық бейнелерді анықтау әрі жою мақсатында 268 мақсатты рейдтік іс-шара ұйымдастырып, жүзеге асырды. Жетелі жұмыстар қоғамды уландыратын заңсыз жарнамаға қарсы нақты іс-қимылдың пәрменді үлгісіне айналып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосып отыр.

Өткізілген рейдтік іс-шаралар нәтижесінде құқық бұзушылықтың айқын белгілері бар 5 098 есірткі



жарнамасы бейнеленген графити-сурет анықталып, толығымен жойылды. Сонымен қатар, осы сипаттағы үгіт-насихат парақшаларын тарату дерегі бойынша төрт азамат ұсталды. Анықталған тұлғалардың

екеуі көмелетке толмағандар екені белгілі болды. Олардың заңды өкілдеріне қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, тиісті шаралар қабылданды.

Тәртіп сақшылары есірткі

шағына қастандық жасау екенін әр азамат түсінугі қажет.

Орманды қорғау тек орманшылардың емес, тұтас қоғамның жауапкершілігіне айналуға тиіс. Әр адам табиғатқа келгенде өзін қожайын емес, қонақ ретінде ұстап, жүрген жеріне зиянын тигізбей, керісінше, жақсы істермен үлгі болуы тиіс. Ата-бабаларымыз бізге табиғаты келіскен осындай теңдесіз аумақты аманат етті. Біз де сол рухани мұраны сақтап, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді үйренуіміз керек. Бұл – біздің ұрпағымызға қалдырар ең үлкен байлығымыз.

Дәулет БАЛТАБАЕВ, Қызыларай орманшылығының басшысы

құралдарын заңсыз жарнамалау мен насихаттаудың кез келген түрі, оның ішінде, жазбалар, суреттер, QR-кодтар және өзге де визуалды немесе пифрлық тәсілдер арқылы жүзеге асырылған әрекеттер қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатынын қатаң ескертеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сәйкес, мұндай құқық бұзушылық үшін үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған.

Полиция тарабы есірткі қылмысына қарсы күрес бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін ескере отырып, барлық азаматтарды қырағылық танытуға, сондай-ақ, есірткі заттарын жарнамалау немесе насихаттау фактілерін анықтаған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырады. Уақытылы берілген әрбір ақпарат қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жастарды зиянды ықпалдан қорғауға септігін тигізбек.

Сурет polisia.kz сайтынан

Қарағанды облысының әкімдігі облыс әкімінің орынбасары Ермек Амантайұлы Алпысовқа анасы Дәмектен Ғаббасқызы БАТАЛОВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	Облыстық «Saryaqqa» телеарнасының ұжымы облыс әкімінің орынбасары Ермек Амантайұлы Алпысовқа анасы Дәмектен Ғаббасқызы БАТАЛОВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы облыс әкімінің орынбасары Ермек Амантайұлы Алпысовқа анасы Дәмектен Ғаббасқызы БАТАЛОВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	«Saryaqqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы облыс әкімінің орынбасары Ермек Амантайұлы Алпысовқа анасы Дәмектен Ғаббасқызы БАТАЛОВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• «АЛТЫН ДОМБЫРА – 2025»

Ұлттық өнерді ұлықтады

Қарқаралыда жетінші мәрте дәстүрлі ән орындаушылардың «Алтын домбыра» атты байқауы өтті. Бұл өнер додасы биыл қазақтың ұлы ойшылы, ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл және Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы қабылданғанына 30 жыл толған мерейтойларға арналды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлы Далада бірегей мәдениет қалыптастырған қазақ халқының рухани болмысын паш ететін дәстүрлі ән мен домбыра үні – ұлтымыздың рухани тірегі. Ұлттық өнерді ұлықтау арқылы жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін арттыруды, қазақтың дәстүрлі ән өнерін кеңінен насихаттауды және жас орындаушылардың

шығармашылығын қолдауды, Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен халық әндерін кеңінен танытуды, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтауды және дамытуды мақсат еткен «Алтын домбыра» байқауы – ән жарысы ғана емес, ұлттық өнерге тағым, жастарды салт-дәстүрмен сусындататын рухани мереке.

Шараның ашылу салтанатында байқауға қатысушылар мен көрермен қауым алдында Қарқаралы а-

данының әкімі Әділжан Арғынұлы мен «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков құттықтау сөз сөйлеп, өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Байқауға қатысушылар екі топқа жіктелді: 18 жастан асқан ересектер және жасөспірімдер. Тартысты өткен бәсекенің нәтижесінде ересек әншілер арасында орындаушылық шеберлігімен ерекшеленген Терісшілдік ауылы-

ның өкілі Рустам Жүсіпов І орынды жеңіп алды. Оған 150 мың теңге көлемінде жүлде тапсырылды. II орынға Бесоба ауылының әншісі Ерлан Сепкрай шықты. Ол 100 мың теңге сыйлық иеленді. III орынға 50 мың теңге көлемінде екі сыйлық тігілген екен. Оларға Сарыобалы ауылының өнерпазы Медет Спанов пен Қарқаралы қаласының талапкері Аружан Әмірхан ие болды.

Жасөспірімдер арасындағы ән байқауына «AMANAT» партиясының облыстық филиалы демеуші болған екен. Жастар арасында жүлделі орындар бөлай бөлінді: I орын – Инабат Төлеуғали (Қасым ауылының өнерпазы, жүлдесі – 50 мың теңге); II орын – Балжан Нұрғабенова (жүлдесі – 30 мың теңге); III орын – Жарас Қайролла (Аппаз ауылының әншісі, жүлдесі – 20 мың теңге).

Байқауға қатысушылардың бәріне диплом мен Алғыс хат табысталды.

Дәстүрге айналған «Алтын домбыра» байқауы – қазақ әндерін орындаушылар арасындағы жай ғана бәсеке емес, ұлттық рухты ұлықтайтын, ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын маңызды мәдени шара. Бұл бастама жас өнерпаздарға сабыт беріп, талант көзін ашып қана қоймай, халқымыздың киелі өнерін келер ұрпаққа аманаттаудың жарқын үлгісіне айналууда.

Сурет автордан

• ФЕСТИВАЛЬ

Жігерлі жүрек шуағы

Балқашта жыл сайын дәстүрлі түрде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шығармашылық фестиваль өтеді. Биыл да ұйымдастырылды. XVI қалалық шығармашылық фестивальда 30-ға жуық қатысушы өнер көрсетті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – балқаштықтар жыл сайын асыға күтетін фестиваль. Өмірге құштар балалар осы фестивальда бас қосып, өмірдің салтанаты мен қызығын әнге қосады. Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов фестивальдің миссиясы мен маңызы өте зор екенін атап өтті.

– Мұндай іс-шаралар мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдық және мәдени өмірдің толыққанды қатысушысы болуы үшін маңызды. Шығармашылық арқылы олар өз арманы мен үмітін, жан дүниесіндегі тілегін жеткізеді. Олардың кеудесі махаббатқа толы. Әсіресе, өмірге деген махаббаттарын көріп, сезіну – бойымызға қуат сыйлайды, – деді Ізбасар Шәкенов.

Биылғы фестивальға қатысушылар Балқаш қаласының әлеуметтік саласының түрлі мекемелерінен келді. Олардың арасында Балқаш қаласының есту қабілеті төмен жандар клубының және загіптар қоғамының, «Үлкен жүрек» қоғамдық бірлестігінің, сонымен қатар, басқа да ұйымдардың өкілдері бар.

Фестиваль аясында қатысушылар ән шырқап, би биледі.

Әр қатысушыға ұйымдастырушылардан Алғыс хат пен естелік сыйлықтар, ал, фестивальдің тұрақты демеушісі Ғабит Жақыповтың атынан тәтті-дәмділер табыс етілді.

– Әрқайсыңызды мақтан тұтамыз. Сіздердің қабілеттеріңіз бен талпыныстарыңыз – біз үшін нағыз үлгі. Мұндай фестивальдар дәстүрге айналып, еліміздің әр өңірінде өткізілсін деп тілейміз! – деді Ғабит Жақыпов.

– «Жан шуағы» мен үшін үлкен қуаныш пен шабыт көзі болды. Соның арқасында мен тағы да өзімді үлкен қоғамның бір бөлігі ретінде сезіндім. Сахнада тұрып, өнер көрсеткенде, өзінді бақытты сезінесің. Сол үшін шын жүректен алғыс айтамын! Бұл күн мәңгі есте қалады, – деді загіптар қоғамының өкілі Мария Шкуркина.

– Фестивальға қатысу менің өмірімнің ең жарқын сәттерінің бірі болды. Бұл жерде әрқайсымыз өз еңбегіміздің бағаланатынын сезіндік. Бұл шынайы эмоциялар мен махаббатқа толы күн болды. Бізге осындай мүмкіндік бергендеріңізге рахмет! – деді мүгедектер қоғамының өкілі Мәдина Рахымберлина.

• ШАХМАТ

Үндістаннан үш медаль

Үндістанның Гоа штатының астанасы Панаджи қаласында тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшылар арасында шахматтан әлем чемпионаты өткен болатын. Аталған турнирге әлемнің 15 елінен 89 спортшы қатысты. Бұл чемпионатқа ел атынан төрт спортшы бақ сынап, бес күміс және екі қола медаль еншіледі. Солардың қатарында қарағандылық Әлімжан Аянов бір өзі үш сайыста екі күміс және бір қола жүлде еншіледі.

Әлімжан блиц сайысында «20 жасқа дейінгілердің» санатында өнер көрсеткен. Ол өзіне берілген тоғыз мүмкіндіктен алты ұпай жинайды. Бірақ, ақтық сында Беларусь спортшысы, былтырғы чемпион Михаил Денисенеге есе жіберіп, II орынға табан тіреді.

Ал рапид сайысында қарсыластарын алты мәрте жеңіп, екі рет тең түскен. Дегенмен, бұл сайыстың ақтық кезеңінде де қарсыласына есе жіберіп, күміс жүлде еншіледі. Сонымен қатар, жерлесіміз шахматтың классикалық түрі-

нен де бақ сынап, қола жүлдеге қол жеткізді. Ол тоғыз партияның жетеуінде жеңіске жетіп, бұл сайыстан да жүлдемен оралды.

Жалпыкомандалық есеіте ұлттық құрама спортшылары әлем чемпионатынан бес күміс және екі қола медальмен III орын иеленді. Ал Ресей спортшылары медаль саны бойынша көштің басына шықса, одан кейінгі сатыға Үндістан спортшылары табан тіреді.

Өз тілшімізден

• ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Қоржында – күміс, қола

Алматыда үстел теннисінен WTT Youth Contender халықаралық ірі турнирі аяқталды. Оған Азия, Африка, Америка және Еуропа құрлығынан 235 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған жарыста Қазақстан құрамасы жеті жүлде жеңіп алған болатын. Солардың қатарында қос қарағандылық Алан Құрманғалиев пен Злата Стадник те бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, бұл турнирден отандастарымыз екі күміс және бес қола медаль жеңіп алды. Күміс жүлдені еншілегендердің бірі – қос қарағандылық спортшы. Алан Құрманғалиев U-19 санатында өнер көрсетіп, ақтық кезеңде сүрінді. Ал Злата Стадник жасөспірімдер арасында сынға түсіп, алтынға бір табан жетпей қалды.



Сонымен қатар, ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен Нұрдәулет Азаматұлы (U-13), Жәния Бекмұхамбетова (U-13), Арайлым Сапабек (U-13), Қарақат Мейірхан (U-11) және Аделя Әлжанова (U-11) қола жүлде алды.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• СҮЙІНШІ!

«Дарында» дара шықты

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздің оңтүстік астанасынан сүйінші хабар жетті. Оқу-ағарту министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен балалардың республикалық «Дарын» өнер байқауында Қарқаралының Сарыобалы ауылынан қатысқан Мәдениет Капият «Көркемсөз» жанры бойынша Бас жүлдені жеңіп алса, Қарағайлы мәдени-сауық орталығындағы «Сикырлы қылқалам» үйірмесінің тәрбиеленушісі, 5 жастағы Малика Әнуарбек «Қолөнер» жанры бойынша I орын иеленді.

Ауданның абыройын асқақтатқан өнерлі жасөспірім мен балдырғанды өнерге баулыған, бойларындағы шығармашылық шабыттың оятқан жетекшілері – Сарыобалы ауылы клубының ұйымдастырушысы Нұргүл Төкенбаева мен Қарағайлы мәдени-сауық орталығының әдіскері Гүлден Әділхан. «Дарын» өнер байқауының қарқаралылық жүлдыздары өз ұстаздарымен бірге Түркия еліне 8 күндік саяхатқа барады. Сонымен бірге,



Мәдениет Ернұрқызы Бақ Star киностудиясының кастингіне қатысуға жолдамаға ие болды.

Жеңісті жол жалғаса берсін, жас таланттар!

Сурет Қарқаралы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінен

• ЖӘДІГЕР

АҚШ-тан жеткен аппарат

Балқаш қалалық тарихи-өлкетану музейінде ерекше құнды жәдігер – әйгілі инженер-геолог Михаил Русаковтың жеке фотоаппараты сақтаулы тұр. Бұл фотоаппаратты ол XX ғасырдың ортасында Америка Құрама Штаттарына сапары кезінде сатып алған. Құнды жәдігерді 1980 жылы Балқаш музейіне геологтың жары Мария Русакова өз қолымен тапсырған.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



саған нұсқасы көрінеді. Бірақ, ол кезде фотоаппараттың көлемін кішірейту мүмкін болмаған. Идея уақыт өте келе, нақты

жобаға айналып, ерекше шағын фотоаппарат құрастырылған. Бұл жәдігер тек техника жетістігіне баланған. Сонымен бірге, геолог фотоаппаратты қазақ жеріндегі геологиялық барлау жұмыстарын жасағанда пайдаланған. Бүгінде бұл фотоаппарат Балқаш музейінің ең құнды экспонаттарының бірі саналады.

Айта кетейік, Михаил Русаков – Қазақстанның тау-кен саласы мен геология ғылымының дамуына зор үлес қосқан көрнекті ғалым. Ол Балқаш көлінің маңынан Қоңырат мыс-порфир кен орнын алғаш болып ашқан ленинградтық инженер-геолог ретінде ел тарихында қалды. Қоңырат кеніші кейіннен бүкілодақтық маңызы бар ірі өндіріс ошақтарының біріне айналды.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактордың м.а. Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 608 №83 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
--